

31 ҚАҢТАР,
2026 ЖЫЛ,
СЕНБІ
№11 (23 625)



ORTALYQ QAZAQSTAN



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Бұқара
бұйымтайын
айтты



2-бет

Тұрақты даму
тұғырында



4-бет

Тоқырауын
толқынындай
тербеткен кеш



8-бет

• 2 АҚПАН – ҰЛТТЫҚ БАСПАСӨЗ КҮНІ

Журналистер ғарышқа ғана ұшқан жоқ

Әр жылдың басында республикалық басылымдарға сұхбат беріп, газет арқылы қазақстандықтармен ой бөлісуді дәстүрге айналдырған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халықаралық «Түркістан» газетіне берген сұхбатында: «Газет-журналдар қайта өрлеу дәуірінің бастауында тұр. Себебі, әлеуметтік желі адамның ойлау (танымдық) қабілетіне зор зиян келтіріп жатыр. Газет тілшілері жан-жақты шолулар мен терең сараптамаларға мән береді, ағартушылықпен айналысады. Оқу мәдениеті жоғары елдер әрдайым жаһандық дамудың алғы шебінде бола беретіні сөзсіз», – деген еді.

Ерсін МҰСАБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл пікірінен ел Президентінің Ұлттық баспасөзге деген шексіз құрметі мен ыстық ықыласын аңғаруға болады. Сонымен қатар, «Қазақ» газеті жарық көрген (1913 жыл 2 ақпан) 2 ақпанды «Ұлттық басылым күні» деп белгілеуінде де аса зор тарихи мән жатыр. Бұл күн айналасы үш жылда алғаш газет шығарып, ұлттық санаға сілкініс әкелген Алаш зиялыларының жанқиярлық еңбегіне құрмет көрсетіп, ауылы аманаттарының салмағын сезінетін кастерлі күнге айналды. Ұлттық баспасөзін ұлықтап, сөз бостандығын құндылық санайтын мемлекеттің рухы биік, мәртебесі асқақ болатынын 2022 жылы барлық ғаламтор



бұғатталып, телеэфирлер тоқталған «Қаңтар қасіреті» кезінде мерзімді басылымдар дәлелдеген. Арнайы шығарылымдар арқылы халықты сабырға шақырып, шынайы ақпарат таратқан газеттердің әлеуметтік желіден бәрібір бәсі артық екеніне көз жеткізгенбіз.

Иә, ұлт баспасөзінің бастауында тұрған Алаш қайраткерлерінің қажырлы еңбегі мен ұлттық публи-

цистиканы қалыптастырудағы қалам күдіреті қазақ журналистикасы деп аталатын қасиетті мектептің қабырғасын қалап, дәстүрін жасады. Сол сабақтастық бүгінгі күнге дейін үзілген жоқ. Ол – Рух сабақтастығы еді!

Сол асқақ рух XX ғасырдың басында ағартушылық миссиясын да адал атқарып, 30-шы жылдар зобалаңында да елдің еңсесін түсір-

меуге еңбек қылды. Ашаршылық жылдарының да, саяси қуғын-сүргін кезеңінің де қаралы статистикасы бізге ұлттық басылымдардың сарғайған беттері арқылы жетті. 1937-1938 жылдары сол кездегі «Социалистік Қазақстан» газетінің және барлық облыстық газеттердің бас редакторлары тұтқындалып, сотталған екен. Арасында тағдыры оққа байланып, атылып кеткендер

де бар. Сонда да рухымыз аласармапты.

Сұрапыл соғыс жылдарында да Баубек Бұлқышев, Бейсен Жұмағалиев, Әзілхан Нұршайықов, Қасымхан Алдабергенов, Қалмұқан Исабаев сынды қаруы мен қаламын қатар ұстаған қаһарман қаламгерлеріміз болғанын қалай ұмытайық?!

➤ 3-бет

• РЕСМИ

Жүйелі өзгерістер бар

Елімізде мемлекет тарапынан сирек кездесетін (орфан) аурулары бар пациенттерге емдеудің құнына қарамастан толық медициналық көмекті қамтамасыз ету жұмыстарын тұрақты түрде жүргізіліп келеді.

Нақтырақ айтсақ, елде 2019 жылғы сирек ауруларға арналған қаржы көлемінен 2025 жылы бұл көрсеткіш бірнеше есе артқан. Қаржы республикалық бюджеттен, жергілікті атқарушы органдардан және «Қазақстан халқына» қорынан бөлінеді.

Соңғы бес жылдың ішінде сирек кездесетін аурулары бар пациенттер саны 42 мыңнан 91 мыңға дейін өскен. Оның ішінде, 14 мыңнан астамы – балалар. Осыған байланысты мемлекет тарапынан қолдау шаралары одан әрі күшейтілуде.

Жүйені жетілдіру мақсатында 2025-2026 жылдарға арналған кешенді жоспар қабылданған. Жоспар аясында пациенттерді есепке алу, орфан ауруларын диагностикалау және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету механизмдері жаңартылып жатыр.

Сонымен қатар, орфан препараттарын бағалау халықаралық тәжірибеге негізделген үш сатылы модель бойынша жүзеге асырылады. Бұл шешім қабылдау процесін тиімді әрі негізді етуге бағытталған.

Өз тілшімізден

• МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

«Өзбек – өз ағам, өз малым – садағам»

Арқаның сайын даласында жайылған жылқының, ірі қараның, қойдың еті экспортталып жатқан жоқ. Біз «бренд» қылатын Арқаның еті ашығын айту керек, өзбек ағайындарының «нан табарына» айналып отыр. Одан қалса, делдалдардың күнкөрісіне ғана жарап тұр. Тонна-тонна ет өндіретін әлеуеті де, әрекеті де бар шаруашылықтар жетіп артылады. Алайда, фермерлер ет экспорттаудың машақатына маза қашырғысы келмейді. Есесіне шошқа еті Өзбекстан еліне экспортталып жатыр.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ет бар, экспорт жоқ

Аймағымыз – аграрлы. Ауыл шаруашылығы басқармасының мына мәліметіне қарағанда, ауыл халқы малды. Бүгінгі күннің дерегі өңірде 427 893 ірі қара мал, 687 809 қой-ешкі, 398 856 жылқы бар дейді. Бірақ, осы мыңғырған малдың біреуі шекара аспады. Осыдан-ақ, ет экспорттауға қай шаруаның үміті болсын...

Қарағанды облысынан ет экспортының болмауы ішкі нарықты қорғау және бағаларды ұстап тұру үшін Үкіметтің уақытша қатаң экспорттық квоталарына (осы жылдың маусым айына дейін) байланысты екенін айтады мамандар.

– Бірақ, бұл шаруаға негізгі тежеу – мал ауруларының өршуінен ветеринарлық шектеулер, экспортқа шығатын өнім сапасының стандартқа сәйкес келуіне қойылатын талаптардың жоғарылығы, өнімді терең өңдеу кәсіпорындарының болмауы және аймақтағы жалпы мал шаруашылығы өндірісінің төмендеуі, – дейді агросарапшы Никанбай Омарханов.

– Ең бастысы, бізде мал басы азып кеткен, шаруашылықтар ұсақталып кеткен, мал тұқымын асылдандыру жұмысы жоқ, мал сою цехтары жоқ, мал санитарлық-ветеринарлық талаптарға сай сойылмайды, ДСҰ талаптарына сәйкес келмейді. Яғни, мал өсіру, күтіп-баптау, бордақылау, кондицияға жеткізілу, зооветеринариялық технологияла-



ры мен шаруашылық тәртібі жоқ, жабайы бағымдағы мал ешқашан да экспортқа жарамайды! Ет өндірісінің төмендеуі, еттің сапасының стандартқа сәйкес келмеуі, мал шаруашылығының шашыранқы, ала-құла дамуы, сондай-ақ, өндіріс шығындарының жоғары болуы, «ауыл-аудан-облыс-республика» арасындағы жүйелі шаруашылық қарым-қатынастың жоқтығы, олардың сыртқы нарықтарда бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді. Мысалы, бүгінгі таңда өзім білетін орташа ет шаруашылығы 600 бастай бордақы малын өткізу бағасының төмендеп, сұраныстың жоктығынан бордақылау және сою мерзімінің созылып кетуінен өткізе алмай отыр. Ал ол ертең еттің сапасын төмендетуге әкеледі. Осылайша, ішкі бағаларды ұстап тұрумен әлек болып жүрген билік құрылымдарының әрекеттері салдарынан ет экспорттаушылар Қарағанды облысында экспорттың дамуына кедергі келтіретін жасанды қатаң шектеулер мен квоталармен бетпе-бет келеді, – дейді Никанбай Иманғалиұлы.

➤ 4-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 600.89

•USD/KZT 503.17

•RUB/KZT 6.63

•CNY/KZT 72.45

Қазақстан Ұлттық Банкінің
30 қаңтар, 2025 жылғы дерегі бойынша

Бұқара бұйымтайын айтты

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев азаматтарды жеке қабылдап, өңір тұрғындарын алаңдатқан әлеуметтік маңызы бар мәселелерді тікелей тыңдады. Қабылдау барысында денсаулық сақтау, тұрғын үймен қамту, коммуналдық қызметтердің сапасы және жұмысқа орналасу сынды түйткілді тақырыптар көтерілді.



Салтанат ЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қабылдауға келген Нұра ауданының өкілдері шаруашылық жүргізу мен жайылымдық жерлерге қатысты жер учаскелерін алу барысында туындаған қиындықтарды жеткізді. Облыс әкімі бұл мәселе бойынша аудандық әкімдік пен тиісті салалық басқармаға жағдайды жан-жақты зерделеп, қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес нақты шешім әзірлеуді тапсырды.

Пришактинск кентінің тұрғыны коммуналдық саладағы мәселелерді көтерді. Сонымен қатар, қабылдауға келген аза-

маттардың бірі жұмысқа орналасуға жәрдем көрсету жөнінде өтініш білдірді. Осыған байланысты, Ермағанбет Бөлекпаев әкімдік жекеменшік ұйымдардың қызметіне араласпайтынын атап өтіп, жұмыс іздеушілерге бос жұмыс орындары шоғырланған Мансап орталығына жүгінуді ұсынды.

Қабылдау барысында медициналық көмек көрсетуге қатысты өтініштер де жеке қаралды. Бұл бағыттағы мәселелерді тиісті қызметтер тексеріп, қажеттілік туындаған жағдайда оқиға орнына барып қарау тапсырылды.

Тұрғын үй мәселелері бойынша облыс әкімі тұрғын үй кезегін қалыптасты-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

ру «Отбасы банк» құзыретіне кіретінін, ал, сатып алынған пәтерлерді бөлу бекітілген тізімдерге сәйкес жүзеге асырылатынын түсіндірді.

Қабылдау қорытындысында барлық өтініштер назарға алынып, қосымша пысықтауды қажет ететін мәселелер жеке бақылауға алынды. Азаматтардың сұрақтарына жауап беру үшін жеке қабылдауға облыстық басқармалар басшылары, мемлекеттік органдардың өкілдері, сондай-ақ, қала және аудан әкімдері қатысты.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• РЕСМИ

Жаңа төраға, жаңа міндеттер

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өңірдің спорттық өміріндегі маңызды қоғамдық қызметке кірісті. Аймақ басшысы Қарағанды облысының үстел теннисі федерациясының төрағасы болып сайланды. Бұл шешім өңірде қалыптасқан жөнісі дестүрді сақтап қана қоймай, оны жаңа деңгейге көтеруге бағытталған нақты қадам ретінде бағаланып отыр.

Қарағанды облысы бүгінде үстел теннисі бойынша республикада жетекші орындардың бірін иеленеді. Өңірде бұл спорт түрінің бай тарихы мен мықты мектебі қалыптасқан. Аймақтан жастар арасындағы әлем чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлері, Қазақстан чемпионы, халықаралық жарыстардың жүлдегерлері түлеп ұшқан. Сонымен қатар, облыс спортшылары ұлттық, жастар және жасөспірімдер құрамаларының сапында ел намысын қорғап келеді.

Жаңа басшылық үстел теннисін дамытуға қатысты жұмыстарды жүйелеуді көздейді. Алдағы уақытта кәсіби спортты дамытуға, жоғары деңгейдегі теннисшілерді даярлауға және жаттықтырушылар құрамын күшейтуге басымдық беріледі. Бұл – өңірдің халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған маңызды міндет.

Бұған қоса, бұқаралық спортты дамыту да назардан тыс қалмайды. Халықты,

әсіресе, балалар мен жастарды үстел теннисімен тұрақты түрде айналысуға тарту, қолжетімді спорт инфрақұрылымын кеңейту, секциялар мен жарыстарды көптеп өткізу – федерация жұмысының негізгі бағыттарының бірі болмақ.

Үстел теннисі – тек кәсіби спорт қана емес, ол саламатты өмір салтын қалыптастыруға, жастардың тәртіп пен төзімділікке тәрбиеленуіне ықпал ететін маңызды құрал. Осы тұрғыдан алғанда, федерация жұмысының күшеюі тұтас ел спортының дамуына серпін бермек.

Алдағы жоспарлардың жүзеге асуы Қазақстан мен Қарағанды облысының халықаралық спорттық имиджін нығайтып, өңірді үстел теннисі бойынша алдыңғы қатарлы орталықтардың бірі ретінде таныта түсуге мүмкіндік береді.

Өз тілшімізден
Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Қызмет көрсету: ашық, қолжетімді



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Заң және тәртіп» қағидатын қоғамда орнықтыру және азаматтарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру жөніндегі тапсырмасы аясында облыста «Құқықтық тәртіп әліпбиі» атты ауқымды ақпараттық-ағартушылық акция өтті. Акцияны Қарағанды облысы прокуратурасы жанындағы Жобалық кеңсе мен облыстық ішкі саясат басқармасы бірлесіп ұйымдастырды. Акция облыс бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының жұмысын түсіндіруге арналды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдымен Достық үйінде дөңгелек үстел өтті. Оған облыстық прокуратураның өкілдері, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының басшылығы мен қызметкерлері, облыстық, қалалық мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, қоғам белсенділері, жастар ұйымдары және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Кездесу барысында корпорацияның негізгі қызмет бағыттары таныстырылып, мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы өзекті мәселелер талқыланды. Сонымен қатар, акция бағдарламасына сәйкес үш бағыт бойынша көшпелі кездесу өтті. Қатысушылар Халыққа қызмет көрсету орталықтарының, әлеуметтік блоктың, жылжымайтын мүлікті тіркеу және жер кадастры органдарының жұмысымен танысты. Мемлекеттік қызметтерді алу тәртібі, процестердің кезең-кезеңімен жүзеге асырылатыны, заң талаптарының қалай сақталатыны жөнінде жан-жақты мәлімет алды.

Акцияда еліміздегі Халыққа қызмет көрсету орталықтарының қалыптасуы мен дамуы, оның ішінде, Қарағанды облысының тәжірибесі кеңінен қамтылды. ХҚКО жүйесінің негізі 2005 жылғы 18 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа Жолдауында көтерілген «Бір терезе» қағидатымен қаланды.

2011 жылы «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрылып, қызмет көрсету стандарттары мен рәсімдері орталықтандырылды. Ал, 2016 жылы «100 нақты қадам» Ұлт жоспары аясында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорация-



сы құрылып, ХҚКО, Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы, Жылжымайтын мүлік орталығы және Жер кадастры орталығы бірыңғай провайдерге біріктірілген. Бұл өзгерістер мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін қысқартуға, құжаттар санын азайтуға және азаматтарға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға мүмкіндік берді.

ХҚКО эволюциясы қызмет көлемінің айтарлықтай кеңеюімен сипатталады. Алғашқы кезеңде небәрі 27 қызмет көрсетілсе, бүгінде 1000-нан астам мемлекеттік қызмет ұсынылады, олардың шамамен 90 пайызы электрондық форматта қолжетімді.

Қарағанды облысы ХҚКО жүйесінің дамуында ерекше орын алады. 2011 жылы облыста Қазақстандағы алғашқы Мобильді ХҚКО іске қосылып, шалғай және аз қоныстанған ауыл тұрғындарына мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсетуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған «Үйге бару» қызметі енгізіліп, I-II топтағы мүгедектерге, мүгедек балаларға, II дәуіс жүзілік соғыс ардагерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға мемлекеттік қызметтердің тең қолжетімділігі қамтамасыз етілді.

2016 жылдан ауылдық пошта бөлімшелері арқылы мемлекеттік қызмет көрсету жобасы іске қосылып, «Қазпошта» АҚ қызметкерлері ХҚКО ақпараттық жүйесінде 28 түрлі қызмет көрсетуге оқылды. Бұл жоба Ақтас, Қушоқы, Дубовка және Шахан елдімекендерінде табысты жүзеге асырылды.

Маңызды кезеңдердің бірі – 2012 жылы Қарағанды қаласында Қазақстандағы алғашқы мамандандырылған ХҚКО-ның ашылуы. Бұл орталықта жүргізуші куәліктерін беру және көлік құралдарын тіркеу қызметтері көрсетіледі. Жалпы ау-



мағы 19 мың шаршы метрді құрайтын орталықта 25 орындық теориялық емтихан сыныбы, автоматтандырылған автодром, 8 көлікке арналған тексеру ангары және 150 жеңіл автокөлік пен 10 жүк көлігіне арналған автотұрақ салынды.

Бұл өзгерістер жөнінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Қарағанды облысы бойынша филиалының директоры Тілеубай Құсайынов кеңінен тоқталды.

– Цифрландыру бағыты 2016 жылдан бастап, негізгі басымдыққа айналды. eGov, mGov Mobile платформалары, Telegram-дағы EgovKzBot енгізіліп, азаматтарға мемлекеттік қызметтерді тәулік бойы қашықтан алу мүмкіндігі берілді. 2022 жылы Қарағанды қаласында республикадағы алғашқы «Қағазсыз ХҚКО» – NewЦОН ашылып, қағаз құжат айналымынан толық бас тарту жүзеге асырылды. Connection Point аймақтары арқылы

азаматтар смартфон көмегімен электрондық қызметтерді өз бетінше ала бастады. Сол жылы, күркірейте Қазақстандағы алғашқы СуперХҚКО – Мемлекеттік және сервистік қызметтер орталығы іске қосылды. Қарағанды облысы бойынша филиалда кадрлық саясатқа ерекше көңіл бөлінеді. Штат саны – 908 бірлік, нақты қызметкерлер саны – 845 адам. Қызметкерлер тұрақты түрде кәсіби және цифрлық дағдыларын арттырып отырады. 2025 жылғы сәуірде «Таным» корпоративтік оқу орталығы құрылды, – деді ол.

Акцияның маңыздылығына тоқталған корпорация өкілдері «Құқықтық тәртіп әліпбиі» азаматтарға мемлекеттік қызметтер мен барлық кезеңдерде заңдылықтың сақталатынын нақты көрсетуге мүмкіндік

Облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов те секция маңызын ерекше атап өтті.

– Бұл жұмысты былтыр қазан айында бастадық. Прокуратураның, полиция департаментінің жұмысымен таныстық. Облыстық, қалалық мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, қоғам белсенділері, жастар және БАҚ өкілдері бұған белсенді атсалысып жүр. Бүгін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының жұмысына куә болдық. Барлығы заң аясында қызмет етуде. 2004 жылы Астана қаласында шетелдік сарапшылар Қазақстанда Азаматтарға арналған үкіметтің қалыптасып жатқанын айтқанда, бұл ертегі сияқты көрінген еді. Бүгін сол ертегі ақиқатқа айналды. Еліміз цифрландыру бойынша әлемдегі дамыған елдердің қатарында. Бұл – тынымсыз, әрі ауқымды жұмыстың нәтижесі, – деді басқарма басшысы.

Облыс әкімінің гендерлік теңдік мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі Айжан Қиясова мемлекеттік қызмет көрсету жүйесінің ішкі ұйымдастырылуына ерекше назар аударды.

– Біз Қарағанды қаласы бойынша тіркеу және жер кадастры бөлімінің жұмысын көзбен көрдік. Мұнда 90 қызметкерден тұратын ұжым 300 мыңнан астам тұтынушыға 43 миллиард тенге көлеміндегі төлемдерді сапалы ұйымдастырып отыр. Барлық процесс нақты алгоритммен реттелген. Қойылған әрбір сұрақ жауапсыз қалған жоқ, күрделі жағдайларда жеке есептеп түсіндіру мүмкіндігі бар. Мұндай ашық аландар қоғам үшін аса қажет, – деді ол.

Акцияны қорытындылаған облыс прокурорының орынбасары Еділ Жұбанов бұл жобаның құқықтық мәдениетті қалыптастырудағы рөліне тоқталды.

– «Құқықтық тәртіп әліпбиі» жобасы – мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы ашықтық пен теңдікті көрсетудің озық үлгісі. Қарағанды облысы бүгінде еліміздің цифрлық және сервистік дамуындағы жетекші өңірлердің қатарында тұр. Бұл бастама мемлекеттік органдар мен қоғам арасындағы өзара сенімді нығайтуға қызмет етеді, – деді Еділ Аязбайұлы.

Осылайша, «Құқықтық тәртіп әліпбиі» акциясы Қарағанды облысында мемлекеттік қызмет көрсету жүйесінің ашықтығын, заңдылықтың сақталуын және азаматтарға бағдарланған сервистің нақты іске асуын көрсеткен маңызды қоғамдық алаңға айналды.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• «ORTALYQ QAZAQSTAN» GAZETINE – 95 ЖЫЛ

«Көзбен көріп, жүрекпен жазатынбыз»

«Орталық Қазақстан» газетінің ардагер журналисі Серік Сексеннің кәсіби жолы – өңірлік журналистиканың бірнеше кезеңін қамтитын шығармашылық мектеп әскери қызметтен кейін типографияда газет басатын машинкадан бастаған ол аудандық басылымда жауапты хатшы, кейін облыстық бас газетте тілші, бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары қызметтерін атқарды. Интернет пен диктофонсыз, тек қағаз бен қаламға сүйенген кезеңде ақпаратты көзбен көріп, іссапарға шығып жазу журналист жұмысының басты қағидасы болды. Сұхбат барысында ардагер қаламгер бүгінгі журналистикадағы уақыт тапшылығы, жанрлардың азаюы, әлеуметтік желінің ықпалы, шындық пен жауапкершілік ара қатынасы туралы ой бөлісіп, Кеңес дәуірі мен Тәуелсіздік кезеңіндегі баспасөздің басты айырмашылықтарына тоқталады.

– Журналистикаға келуіңізге не түрткі болды? Бұл таңдау тағдыр ма, әлде саналы шешім бе?

– Журналистикаға келу – мен үшін кездейсоқтық емес, саналы түрде жасалған таңдау. Бала күнімнен сөзге, өлеңге жақын өстік. 8-сыныптан бастап өлең жазып, аудандық газетке шағын мақалалар жолдай бастадым. Сол кезден-ақ баспасөздің ішкі әлемі өзіне тарта бастады. Мектеп бітірген соң бірден оқуға түспедім. Өуелі екі жыл әскерде болдым. Әскерден келгеннен кейін өмірдің басқа жолдары да ұсынылды. Ол кезде құрылыс отрядтары ашылып жатқан, әскерден келгендерді емтихансыз қабылдай беретін. Жездөм сол салада істейтін, «еш қиындықсыз аламыз» деді. Бірақ, мен журналист болам деген ойымнан айнымадым. Іштей бұл мамандық менікі екенін сездім. Әскерден келген соң, 1970 жылдың аяғында Егіндібұлақтағы аудандық газетке бардым. Бірақ, редакцияда орын жоқ екен. Сонда типографияға газет басатын машинкаға адам керек болып шықты. Қаладан келіп істеп жүрген кісіден үйреніп, печатник болып екі жыл жұмыс істедім. Ара-тұра мақала жазып тұрдым. 1971 жылы ҚазГУ-ге бардым, бірақ, тарих пәнінен өте алмай қалдым. Ол кезде журналистикаға бар болғаны 50 адам қабылданатын. Конкурс өте жоғары еді. Келесі жылы, 1972 жылы тағы барып, емтихан тапсырдым.

Сол жылы Рамазан Сағымбеков деген азамат бізде редактор болған, бірақ, ол кезде ҚазГУ-де сабақ береді екен. Бір-бірімізді танымаймыз. Ауызша, жазбаша емтихандардан сәтті өттім. Сұрап жатыр ғой: «Қай жақтансың?» деп. «Егіндібұлақ» дедім. «Қу ауданы ма?» дейді. Сөйтсем, жерлесім екен. Содан оқуға түстім. Рамазан Сағымбеков кураторым болды.

Оқуды бітірген соң бірден «Орталыққа» орналасу оңай емес еді. Ол кезде «мүйіз қарағайдай» журналистер жүрді. 40-50 жыл тәжірибесі бар мықты мамандар жиналған. Солтүстік облыстарда қазақ тілінде газет болмағандықтан, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан жақтан келген қаламгерлер көп еді. Маған «азірге Егіндібұлаққа бар, партияға өт, кейін көрерміз» деді. Аудандық газетке жауапты хатшы болып орналастым. Ол жерде жоғары білімді журналист жоқтың қасы еді, бәрі мектеп бітірген жастар болатын. Оларды үйретіп, газетті шығарып отырдық. Осы қызметте 4,5 жылдай болдым. Кейін Рамазан ағамыз хабарласып, «Орталықта» бос орын барын айтты. Сөйтіп, «Орталық Қазақстан» газетіне келдім.



– Алғашқы өткір материалдарыңыздың бірі фельетон болған екен...

– Иә, сол кездері фельетон жаздым. «Көк шыбындардың мерекесі» деген фельетон еді. Екі қабатты үйлердің жанында коқыс уақытында алынбай, шыбын қаптап кететін. Сонда фельетонды шыбындардың атынан жаздым: «Бүгін біз үшін үлкен мереке, санэпидстанция жұмыс істемей жатыр», – деп қарындарын сипап отырғандай етіп суреттедім. Материал жарық көрген соң, санэпидстанцияның бастығы редакцияға келіп, «Сексенов дегенді танысың ба?» деп сұрады. Танитынымды біліп тұрса да, «жоқ, танымаймын» деп құтылып кеттім. Әйтпесе, ол кісі «жағын сындыруға келіп едім» деп ашық айтты. Сол сәтте фельетонның шынайы күші мен қауіптілігін сездім.

– Кеңес дәуіріндегі журналистика мен бүгінгі журналистиканың басты айырмашылығы неде?

– Айырмашылық – жер мен көктей. Біз ақпаратты көзбен көріп барып жазатынбыз. Іссапарға жиі шығатынбыз. Аптасына бір-екі рет ауылға, далаға жол тартамыз. Көлік жоқ, жолай адамдармен ілесіп кетеміз. Диктофон жоқ, интернет жоқ, фотоаппарат сирек. Бар құралымыз – қағаз бен қалам. Кешке келіп, машинкамен терміз. Қазіргідей «баспасөз қызметінен ала салу» деген болмады. Әкіммен де бірге жүріп, көзбен көріп, көңілмен түйіп жазатынбыз. Ол уақытта қазіргідей желі жоқ, басқа ақпаратты ала алмайсың өзіңнің жинағаның көзбен көріп, тыңдағаның. Сым телефонмен ақпарат жинайтын қиын кез. Күнбе-күн беру қажет. Оңай емес еді. Күнделікті жаңалық табу үшін бірнеше жерде ақпарат алатын байланыс болу керек. Қазіргідей бәрі оңай емес-тін. Қазіргідей телефонға түсіріп, сала салу деген болмады. Оқиганың ішінде жүру өз алдына, информаторың болу керек.

– Қазір жоғалып кеткен жанрлар туралы не айтасыз?

– Ең алдымен фельетон жоғалды. Қазір фельетон жазу қауіпті. Бұрын жазсаң, ең көп дегенде жұмыстан шығаратын. Ал, қазір бір бұрышта атып кетуі мүмкін. Сондықтан, бұл жанрдың ғұмыры қысқарды.

Екінші жоғалған жанр – көркем очерк. Біз малшының жанында түнеп, трактористпен бірге жүріп жазатынбыз. Қарапайым еңбек адамының ішкі әлемі, тегі, ойы, рухы ашылатын. Солардан үлкен көркем хикая шығатын. Қазір ондай дүние аз, себебі, барып-көріп жазу азайды.

Қазіргі журналистикада жанрлардың жоғалуы қоғаммен тікелей байланысты. Фельетон мен көркем очерк тек шеберлікті емес, азаматтық батылдықты, терен өмірлік тәжірибені талап етеді. Ал, бүгінгі медиакеністікте жылдамдық пен қауіпсіздік алдыңғы орынға шықты. Соның салдарынан өткір ой мен көркем бейне екін-

ші қатарға ысырылып, жанрлық байлық жұтандай түсті. Бұл үрдіс журналистиканың тәрбиелік, танымдық миссиясына кері әсер етіп отыр. Дегенмен, аталған жанрлардың қайта оралуы мүмкін емес деп айтуға болмайды. Қоғам шынайы кейіпкерге, тірі тағдырға, әділ сынға зәру болған сәтте көркем очерк пен фельетонға деген сұраныс қайта күшейеді. Ол үшін журналист қайтадан ел ішіне шығуы, адаммен бет-бет сөйлесуі, өмірді қағаздан емес, көзбен көріп, жүрекпен сезінуі қажет. Сонда ғана ұмыт бола бастаған жанрлар жаңаша сипатта қайта тыныс алуы мүмкін.

– Әлеуметтік желіге көзқарасыңыз қандай?

– Әлеуметтік желіні мұнда пайдаланбаймын деуге болады. Тек байланыс құралы ретінде ғана. Мақала жазғанда желідегі дерекке сүйенбеймін, сенбеймін. Мен үшін негізгі дерек кітап, архив, ресми құжат. Компьютерде де мақала термеймін. Қолмен жазамын. Кітапханаға барып, қағаз-қаламмен отыру – менің әдегітім. Бұл – қаламгердің ақпаратқа немқұрайды қарамайтынын аңғартады. Әлеуметтік желідегі асығыс, тексерілмеген дерекке сену оған жат. Кітап пен архивке сүйеніп жазу – көп уақытты алады, бірақ, ойды орнықтырады, сөзге салмақ береді. Қолмен жазып, кітапханада отыру да – бекер әдет емес, ол журналисті сабырлы етеді, әр сөйлемін ойланып құрауға үйретеді. Осындай тәсіл арқылы жазылған дүниенің де оқырманға әсері бөлек болады.

– Бүгінгі публицистика, соның ішінде, ғылыми-танымдық бағыт туралы пікіріңіз қандай?

– Қазір ғылыми-танымдық публицистика жақсы дамып келеді. Ізденген, зерттеген адам бірден көрінеді. Жасанды интеллект те көмекші құрал ретінде пайдалы. Бірақ, ол адамды алмастыра алмайды. Ми, сезім, түйсік – бәрібір адамда қалады. Журналистика – тірі мамандық, тірі оймен бірге жасай береді.

Ғылыми-танымдық бағытта жазатын журналистен тек ақпарат беру емес, оны қарапайым тілмен түсіндіре білу талап етіледі. Құрғақ дерек пен терминге толы мәтін оқырманды жалықтырады, ал, терең оймен, нақты мысалмен берілген материал керісінше қызығушылық тудырады. Сондықтан, бұл салада біліммен қатар тіл мәдениеті, ойды жүйелеу қабілеті ерекше маңызды. Жасанды интеллектінің мүмкіндігі артқанымен, ол журналистің орнына шын мәнінде ойлап, сезіп жаза алмайды. Қоғамдағы құбылысты саралап, оның салмағын сезіну, адам тағдырына жанашарлықпен қарау – тірі қалам иесіне ғана тән қасиет. Сол себепті, публицистика формасы өзгерсе де, мазмұны мен жауапкершілігі сақталып, адам ойымен бірге дами береді.

Ғылыми-танымдық бағытта жазғанда ең қиыны – оқырманнан алыстап кетпеу. Кейде автор өзі түсінген дүниені сол күйінде бере салғысы келеді, бірақ, оны бәрі бірдей қабылдай бермейді. Сол себепті, журналист оқырманмен іштей сөйлесіп отырғандай жазуы керек. Күрделі ойды жеңілдетіп жеткізу – білімнің аздығы емес, керісінше, тереңдіктің белгісі. Тағы бір маңыздысы – бұл сала шыдамдылықты талап етеді. Мұнда жылдам нәтиже, бірден танылу сирек болады. Бірақ, уақыт өте келе, дәл осындай салмақты, ойланып жазылған дүниелер өз бағасын алады. Оқырманға ой қалдыра алған мәтін ғана өміршең болады, ал, ғылыми-танымдық публицистиканың басты мақсаты да – сол.

– Қаламгер үшін шындық пен қауіптің арасы қалай өлшенуі керек?

– Шындықты айту керек. Бірақ, халықты бір-біріне айдап салуға болмайды. Арандатушылыққа жол бермеу қажет. Мемлекеттік саясатқа қарсы шығып, елді дүрліктіру – журналистиканың міндеті емес.

Шындықты бейбіт түрде, сабырмен, ақылмен жеткізе білу керек. Айтылмайтын нәрселер бар, соны сезе білу – тәжірибемен келеді. Әр шындықтың өз салмағы, өз жауапкершілігі болады. Қаламгер сол жауапкершілікті сезініп, сөзінің қоғамға қалай әсер ететінін алдын ала ойлауы тиіс. Журналист үшін батылдық пен сақтықтың арасындағы тепе-теңдікті табу оңай емес. Дегенмен, мақсат – дүрбелен туғызуды емес, ой салу, түсіндіру, қоғамды сабырға шақыру болуы керек. Шындық айтылады, бірақ, ол кекпен емес, парасатпен, эмоциямен емес, дәлелмен айтылғанда ғана өз миссиясын атқарады.

Қалам иесінің басты өлшемі – ар-ождан. Егер журналист өз сөзінде, жазғанында бекем тұра алмаса, шындықтың өзі де құнын жоғалтады. Сол себепті, әр материалда жеке ұстаным мен қоғамдық мүдденің ара-жігін ажырата білу маңызды. Айтылған сөз бір сәттік әсер үшін емес. Ұзақ мерзімді салдары ескерілуі тиіс. Шынайы публицистика айқайға емес, ойға сүйенеді. Ол оқырманды қарсы қоймайды, керісінше, ортақ түсінікке жетелейді. Журналист қоғамның тамырын басып қана қоймай, оның тынысын да сезінуі керек. Сонда ғана айтылған шындық жара салмай, керісінше, сауықтырушы күшке айналады.

– «Орталық Қазақстан» газеті сізге не берді? Ал, өзіңіз газетке не қостым деп ойлайсыз?

– Бұл газетке 32 жыл ғұмырымды арнадым. Күні-түні уақытым газетпен өтті. «Орталық Қазақстан» газеті маған ең алдымен жауапкершілік сезімін қалыптастырды. Бұл басылымда әр сөздің ертен оқырманға, қоғамға қалай әсер ететінін алдын ала таразыға салынатын. Осында жүріп мен әр материалдың артында қоғамдық міндет тұратынын терең сезіндім. Газет мені асығыс шешімнен, жеңіл тақырыптан сақтандырды.

Өз кезегімде мен бұл басылымға тұрақтылық пен кәсіби ұстаным әкелуге тырыстым. Газет қиын кезеңдерді бастан өткерген шақта да, оның бағытын жоғалтпауға, дәстүрлі журналистиканың деңгейін сақтауға үлес қостым деп ойлаймын. Жазбаған тақырыбым жоқ: спорт, құдық, ауыл шаруашылығы, әлеуметтік сала – бәрін жаздым. Бұл газет мені жан-жақты болуға, сабырлы болуға, эмоцияны басқаруға үйретті. Адаммен артық сөзсіз сөйлесуді, жұмысқа бейжай қарамауды осы жерден үйрендім. Адал еңбегімді қостым. Уақытымыз, тәжірибемді, бар мүмкіндігімді бердім. Газет менің өмірімнің бір бөлігі болды.

– Уақыт бөліп сұхбат бергеніңізге көп рахмет!

Сұхбаттасқан
Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Журналистер ғарышқа ғана ұшқан жоқ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Тың игеру кезінде де қара қосқа қонып, егіс даласы мен жайылымнан репортаж жазған ұлт баспасөзінің өкілдері баршылық.

Биыл 95 жылдық мерейтойын атап өтетін Арқа баспасөзінің абызы «Ortalyq Qazaqstan» газетінің сарғайған беттерінде де ұлттымыздың тағалымды тарихы мен кенді өлкеңің шерлі шежіресі, еңбек адамдарының еңселі келбеті мен қоғамның өзекті проблемасы бар. Тым әріге бармай-ақ, 1991 жылғы «Тамыз оқиғасы» кезінде Алаш көсемсөзінің алдаспаны Нұрмахан Оразбековтің «Иә, бұл – төңкеріс!» деген тарихи мақаласын айтсақ та, қазақ баспасөзінің жасқаншақ болмағанын танитын едік. Одан кейінгі тәуелсіздік жылдарында да аймақ жылнамасын тасқа басып, қоғамдық пікірге қозғау салған әріптестеріміздің еңбегіне осы Ұлттық басылым күнінде құрмет көрсетуге тиіспіз. Тіпті, кейінгі жас толқын тілшілеріміздің аға буын аманатына адалдық танытып, «Орталықтын» бай дәстүрін байыппен жалғастырып, «мінзеті газеттің» өткірлігінен таймай келе жатқанын бірнеше мысалмен дәлелдеуге болады.

Мәселен, облыс орталығындағы басты көше Бұқар жырау даңғылындағы үйлер қабырғасындағы «Б.Жырау» деген белгілерге қатысты «Б.Жырау деген қай жырау?» деп дабыл қаққанбыз. Мектептердің күзет қызметіндегі қауқарсыз қарияларға қатысты «Әлжуаз топты әжелер күзетеді» деп мәселені өткір көтеріп, билік назарын аудартқан да біз едік. Кеңес дәуірінде Арқаның даңқын Одаққа танытқан Қарағанды аяқ киім фабрикасы болған өңірде жеңіл өнеркәсіптің жолы ауыр болып тұрғанын «Кигенім – қырғыз көйлек, қытай етік» деп жазғанымыз оқырманның есінде болар. Редакция ғимаратының дәл алдында үнемі жол апаты тіркеліп, «қанды қиылыс» аталып кеткен Еркемов-Ержанов көшелерінің қиылысында бағдаршам орнатуға сеп болған еңбегіміз ше?.. Ақадыр кентінің тұрғыны Болатбек Алыпбергенов деген ақсақалдың қабырғасы қақырап, іргесі сөгіліп тұрған апатты жағдайдағы үйі туралы да дабыл қағып, екі ұлы мен келіні жол апатынан қайтыс болған отбасыға баспана алып бергенбіз. Мұның барлығы – ұлт рухының үні болып асқақтаған Ұлттық баспасөздің намыс найзағайындай өткірлігі мен сөз киесіне адалдығын танытар тарапандығы.

Тізе берсек, мұндай мысалдар толып жатыр. Сенбесеңіз, редакцияға келіп газет тігінділерін парактап көріңіз.

Жалпы, өркениет қарбаласымен қабаттаса дамып, бірге тыныстап келе жатқан ұлттық баспасөздің ұнжырғасы түсетін реті жоқ. Қайталап айтамын, біздің әріптестер қажет болса, жүгері егіп, күріш орады. Шахта шынырауларына түсіп, болат балқытады. Қой да бауға қауқарлы. Өйткені, олар – әр мамандық иесінің ішкі жан дүниесіне үңіліп, жұмыс процесінің барлық қыр-сырын жетік меңгеріп алған әмбебап мамандар. Қазақ журналистері ғарышқа ғана ұшқан жоқ. Адамзат тарихында ғарышқа самғаған ұш-ақ журналистің есімі аталады. Олар – ресейлік Юрий Батулин, жапон журналисі Тойохиро Акияма жән канадалық Джулия Пейетт. Сәті түссе, қазақ журналистерінің қанатты қаламы Айдан хабар таратар күнге де жетерміз!

Әңгілемізді қызықты дерекпен түйіндейік... Өте еңбекқор жәндік құмырсқа өз салмағынан 10 есе ауыр салмақты көтере алады. Мұндай күш жанды жаратылыстардың бірінде жоқ.

Ал, бал арасы 1 кг бал жинау үшін 2-3 млн гүлге қонады және 400 мың шақырым ұшады екен. Омарта мен гүл алқабының ара қашықтығын 1,5 шақырым деп алсақ, бір алғанда 20-30 мг бал соратын ара 1 кг бал жинау үшін омарта мен алқаптың арасына 120-150 мың рет қатынайтынын айтады зоолог-мамандар.

Сізді билмеймін, өз басым журналист әріптестерімнің жанкешті еңбегін осы екі жәндіктің еңбекқорлығына қатты ұқсатамын. Ұлт баспасөзі дәуірдің ауыр жүгін көтеріп тұр.

Мереке құтты болсын, әріптестер!

• ОЙ ТҮБІНДЕ ЖАТҚАН СӨЗ...

Баспасөздің байыбы – парасатта

Баспасөздің тағдыры туралы сөз қозғалған сайын «газет заманы өтті» деген үстірт тұжырым алға шығады. Әйткенмен, тарихқа үңілсек те, бүгінгі медиакеністікке назар салсақ та, мәселе бір форматтың екіншісінен жеңілуінде емес, сөздің қандай міндет атқарып отырғанында екенін аңғарамыз. Жедел ақпарат гаджетке көшкен дәуірде газет жылдамдықпен жарысудан бас тартып, ойдың салмағын, парасаттың жауапкершілігін арқалаған алаңға айналды. Ал, мұндай міндетті қазақ баспасөзі бір ғасыр бұрын Алаш дәуірінде-ақ өз мойнына алған еді.

Бүгінгі медиакеністіктің беталысы – мүлде басқа. Ақпарат тұтыну мәдениеті өзгерді, жеделдік алдыңғы орынға шықты. Осы өзгерістер аясында дәстүрлі баспасөздің рөлі жайлы түрлі пікір айтылады. Меніңше, бұл жерде «газет өз маңызын жоғалтты» деуден гөрі, газеттің қызмет сипаты өзгерді деген тұжырымға жүгінген жөн.

Мойындау керек, газет өз заманында ақпарат құралы ретінде жүктелген

негізгі миссияны абыроймен атқарып шықты. Осыдан он бес жыл бұрын ақ «жедел ақпараттың дәуірі сайттардың еншісінде, енді газет жаңалық жаршысы бола алмайды» деген пікір қалыптаса бастаған еді. Бірақ, уақыт бұл тұжырымды да артта қалдырды. Бүгінде сайттардың өзі жедел ақпараттың басты көзі болудан қалып, ақпарат ағыны әлеуметтік желілер мен мессенджерлерге ойысты.

Десе де, бұл үдеріс баспасөздің



маңызы кеміді дегенді білдірмейді. Керісінше, газет бүгін өзінің ең мықты қырымен дараланып отыр. Ол – аналитика мен таным. Терең ой, салмақты сараптама, байыппен жасалған қорытынды. Мұндай дүниені телефон

экранынан жүгіртіп оқу бір басқа да, қағаз парақтап отырып оқу – мүлде бөлек.

Газеттің тағы бір аса маңызды ерекшелігі бар. Ол – тасқа басылған тарих. Мұнын айқын дәлелі бар. Жур-

налист Асылхан Мамашұлы түсірген «Құлы кезең» деректі фильмінде Желтоқсан көтерілісінен бастап, 1995 жылғы Конституцияның қабылдануына дейінгі күрделі тарихи кезең сол дәуірде жарық көрген мерзімді басылым материалдары арқылы сөйлейді. Газет бетінде қатталған сөздер уақыт сүзгісінен өтіп, тұтас бір дәуірдің үнін жеткізе алады.

Өңірлік басылымдардың ахуалына келсек, мұнда мәселені тек форматтық бейімделумен шектеу – жеткіліксіз. Соңғы жылдары аудан-қалалық газеттердің жекеменшік қолға өтіп, бәсекелес ортаға жіберілуі олардың алдында күрделі сынақтар туғызды. Теориялық тұрғыда бұл қадам нарыққа бейімделу мүмкіндігін беруі тиіс еді. Алайда, іс жүзінде бұл шешім өте кеш қабылданды. Егер жекешелендіру он-жырымға жыл бұрын жүзеге асса, басылымдар нарықтық модельге біртіндеп бейім-

делер ме еді?! Ал, бүгінде баспасөзге деген сұраныс әлсіреген шақта көптеген редакциялар қаржылық және кадрлық қысымға тап болып отыр.

Өңірлік басылымдардың бүгінгі жағдайын «бағы тайды» деп біржақты бағалаудан гөрі, өтпелі кезеңнің ауыр салмағы деп қабылдаған дұрыс. Олар бір мезетте әрі цифрлық өзгеріске бейімделіп, әрі Алаш дәуірінен бастау алған баспасөздің қоғамдық жауапкершілігін сақтап қалуға тырысуда.

Баспасөздің байыбы жылдамдықпен емес, парасатпен өлшенеді. Ақпарат тасқыны үдеген сайын ой сүзгісіне деген сұраныс арта түседі. Осы тұрғыдан алғанда, қағазға түскен сөздің сәулесі – тасқа түскен тарихпен бірдей.

Нұрлыхан ҚАЛҚАМАНҰЛЫ,
«Теміртау тынысы» газетінің бас редакторы

«Өзбек – өз ағам, өз малым – садағам»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Машақаты маза қашырады

Мәселен, Арқа даласында етті әрі биязы жүнді «Қарғалы» қой тұқымын отар-отар қылып өсіріп отырған «Отқанжар» шаруа қожалығының ет экспорттауға қауқары жетеді. Талапқа сай келетін мал соятын алаңы жұмыс істеп тұр, сапалы жемшөбі бар, екпесі бақылаулы, қысқасы, инфрақұрылымы ет экспорттауға жарап тұр.

– Ішкі нарықтың өзіне ақдал малымызды пұлдап саудалау қиынға соғып тұрғанда, шетелге ет экспорттауға тіпті, бас қатырмаймыз, – дейді шаруашылық басшысы Қанат Отарбаев.

– Мал шаруашылығын дамыту туралы жиі айтамыз, әлеует бар екенін де жақсы білеміз. Алайда, іс жүзінде экспорт мәселесі жолға қойылмай отырғаны жасырын емес. Бұған нақты мысалдар да бар. Бір кездері Біріккен Араб Әмірліктерінен ет сатып алуға ниетті өкілдер келіп, шаруашылықтармен (оның ішінде біздің ферма да бар) тікелей байланыс орнатуға талпыныс жасаған еді. Бірақ, бұл бастамалары ұзаққа бармады. Мәселе – ет экспорттаудың жүйелі түрде жолға қойылмауында. Қиындық көп болды. Карантин талаптары, ветеринариялық рәсімдер, тасымалдау мәселесі, әуе қатынасы, жемшөп базасы – бәрі бір-бірімен байланысқан күрделі түйіндер. Осы мәселелердің ешқайсысы нақты шешімін таппағандықтан, шетелдік серіктестердің де қызығушылығы біртіндеп сөне бастады. Ақырында олар бұл нарыққа жоламай кетті. Содан кейін шыны керек, біз бұған жүйелі түрде бас қатырып көрмедік. Өйткені, бүгінгі таңда шетелге ет экспорттау түгүлі, өзіміздің қойымызды ел ішінде өткізу де оңай болмай тұр. Ішкі нарықта да өткізу арналары шектеулі, баға тұрақсыз, делдал көп. Мұндай жағдайда ша-

руаға экспорт туралы ойлаудың қажеті жоқ. Экспорт – бір шаруашылықтың немесе бір өңірдің ғана шаруасы емес. Бұл – мемлекет деңгейінде шешілетін мәселе. Егер, Үкімет тарапынан нақты тетіктер ұсынылмаса, ветеринариялық, логистикалық, қаржылық қолдау көрсетілмесе, жеке шаруаның мұндай ауыр жүкті көтеруі мүмкін емес. Экспортқа шығу үшін алдымен ішкі нарықтағы мал өткізу жүйесін реттеп алу қажет. Қазір шаруалар өндірістен қашпайды, мал басын көбейтуге де дайын. Бірақ, өнімді қайда, қалай өткіземіз деген сұрақтың жауабы жоқ кезде, тәуекелге бару қиын. Сондықтан, ет экспортын дамыту туралы сөз нақты іс-шаралармен, инфрақұрылыммен және тұрақты саясатпен бекітілуі керек, – дейді ауыл шаруашылығы саласының білікті ұйымдастырушы Қанат Жариясұлы.

Әлеует бар, әрекет кемшін

Ет экспорты нарығындағы бәсеке – бүгінгі таңда аса жоғары. Бразилия, Аустралия, АҚШ, Аргентина сынды ірі экспорттаушы елдер халықаралық стандарттарды қатаң сақтап қана қоймай, логистикалық мүмкіндіктерін де барынша дамытқан. Ал, ветеринарлық талаптары қатал көптеген мемлекетке Қазақстанның ет өнімдері әлі толыққанды ене алмай отыр.

Дегенмен, соңғы жылдары Қарағанды облысында экспортқа бағытталған өндіріс кәсіпорындары іске қосылып келеді. Өңірде мал сою және қайта өңдеу жұмыстары халықаралық талаптарға сай ұйымдастырылып, сыртқы нарыққа шығудың нақты тетіктері қалыптаса бастады. Жоғарыда айта кеткеніміздей, өңірдегі «Медео» мен «Волынка» фабрикалары Өзбекстанға 3 200 шошқа экспорттаған. Сонымен қоса, облыста өндірілетін құс еті мен жұмыртқа өнімдері Қырғызстан, Армения және Ауғанстан нарықтарына



тұрақты түрде жеткізіліп отыр. Алдағы уақытта «Ақнар» құс фабрикасы Қытай нарығына шығуды жоспарлап отыр. Абай ауданындағы «Шанс» шаруашылығы Жапонияға жылқы етін экспорттауды көздейді. «Арай KZ» кәсіпорны да Біріккен Араб Әмірліктерімен экспорттық келісімге қол қойған. Қазір кәсіпорында халықаралық талаптарға сай болу үшін дайындық жұмыстары жүргізіліп жатқан көрінеді.

Бірақ, әзірге Қарағанды ет экспорттай алмайды. Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қарағанды облыстық аумақтық инспекциясының басшысы Ержан Бекетбаевтың айтуынша, Қарағанды облысына Дүниежүзілік жануарлар денсаулығы ұйымы (WOAH) тарапынан ауыл бойынша ресми мәртебе берілмеген. Осыған байланысты, өңірден аусылға бейім жануарларды ел аумағынан тыс жерге шығаруға рұқсат жоқ. Яғни, халықаралық талаптарға сәйкес, аусылға қатысты мәртебесі анықталмаған аймақтан тірі мал немесе сол ауруға бейім жануарлар еткі экспортталмайды.

– Экспортқа шығатын шаруашылықтар қатаң талаптардан

өтеді. Ең алдымен, кәсіпорын ресми экспорттаушылар тізіміне енгізілуі қажет. Бұдан бөлек, ветеринариялық және санитариялық қауіпсіздік талаптарына толық сәйкестік басты шарт болып саналады. Өндіріс аумағының қоршауы, арнайы сою орындарының болуы, мал мен құстың толық вакцинациядан өтуі міндетті. Барлық дерек электрондық ветеринариялық жүйеге енгізіліп, тұрақты бақылауда болады. Өнім сапасы – өзекті мәселенің бірі. Халықаралық нарыққа жол ашу үшін мал сапалы жемшөппен қоректенуі, ветеринарлық бақылау жоғары деңгейде жүргізілуі және қасапханалар мен ет өңдеу орындары әлемдік стандарттарға сай болуы тиіс. Сонда ғана шетел нарығына шығуға мүмкіндік болады. Қазіргі күнде ет және ет өнімдерін Иран, Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірлігі, Жапония, Әзірбайжан, Түркия, Өзбекстан, Еуропаға шығаруға болады, – дейді Ержан Бекетбаев.

«Жер мәселесін реттеу керек»

Экономист Сапарбай Жобаев ет экспорты, жалпы агросаладағы

әр мәселе жер саясатына байланысты екенін тілге тиек етеді.

– Қарағанды облысы – жайылым жерлері кең, шөпке бай шалғындары жеткілікті өңір. Табиғи-климаттық әлеуеті жағынан бұл аймақтың мал шаруашылығын, соның ішінде ет өндірісін дамытуға толық мүмкіндігі бар. Алайда, осы артықшылықтар әлі күнге дейін толық пайдаланылып отыр деп айту қиын. Мәселенің түп-тамыры – ауыл шаруашылығындағы жер қатынастарына барып тіреледі. Ауылдағы жерге иелік ету құқығы нақты түрде шаруа мен диканның қолына берілмейінше, мал шаруашылығын жүйелі дамыту қиын. Жерге сенімді иелік ете алмаған шаруаның ұзақмерзімді жоспар құруға, мал басын көбейтуге ынтасы төмен болады. Бұл – экономикалық тұрғыдан заңды құбылыс. Ет экспорты мәселесіне келсек, бұл бағытта шектеу қоядан гөрі, керісінше, жалпы Қазақстан бойынша ынталандыру тетіктерін енгізу қажет. Экспортқа тыйым салу немесе түрлі әкімшілік кедергілер жасау ауылдағы өндірістің дамуын тежейді. Нарыққа еркін шығу мүмкіндігі болғанда ғана шаруалар өнім көлемін арттыруға

мүдделі болады. Сондай-ақ, шет елдерден сатып алынған асыл тұқымды малға қатысты ұстанымды қайта қарау керек. Арнаулы ережелер арқылы мұндай малдың аналық басын емес, олардың төлдерін экспорттауға рұқсат беру орынды шешім болар еді. Бұл ішкі мал басын сақтай отырып, шаруаларға қосымша табыс табуға мүмкіндік береді және селекциялық жұмыстың тиімділігін арттырады. Қазіргі таңда бордақылау жүйесі толық жолға қойылмаған өңірлер аз емес. Осындай аймақтарда экспортты жеке шаруалардың өз бетімен дамытуы қиын. Сондықтан, бұл бағытта Үкімет тарапынан нақты қолдау тетіктері қажет. Бордақылау аландары, өңдеу кәсіпорындары, логистика және өткізу жүйесі қатар дамығанда ғана экспорттың экономикалық әсері сезіледі. Қорыта айтқанда, жерге нақты иелік ету, экспортқа еркіндік, асыл тұқымды малға қатысты икемді саясат және мемлекеттік қолдау – мал шаруашылығын дамытудың негізгі тіректері. Осы бағыттар өзара үйлесім тапқанда ғана Қарағанды облысы сияқты өңірлердің аграрлық әлеуеті толық іске асады, – дейді сарапшы-экономист.

Тобықтай түйін

Қорыта айтқанда, инфрақұрылымның тозуы, логистикалық байланыстың әлсіздігі, өндіріс көлемінің төмендігі және өнім сапасына қатысты мәселелер өңірдің ет экспортын дамытуға басты кедергі болып отыр. Алдағы уақытта сырт ел нарығына шығуға қабілетті кәсіпорындар саны саусақпен санарлық. Бір кездері ет державасына айналым деген арманға әл-әзір қол жете қоймайтын сияқты. Сонда, өзбек ағайындардың қалтасына жұмыс істеп жүре береміз бе?

Суреттерді түсірген

Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

Тұрақты даму тұғырында

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өңірлерді дамыту тұрғысындағы нақты тапсырмалары жылма-жыл тиянақты негізде орындалып келеді. Мәселен, Шахтинск шаһары өткен жылды тұрақты әлеуметтік-экономикалық өсіммен аяқтады. Өнеркәсіп өндірісінің айтарлықтай артуы, ірі инвестициялық жобалардың іске қосылуы, кәсіпкерлікті қолдаудың кеңеюі және инфрақұрылымның жүйелі жаңғыртылуы қаланың даму бағытының дұрыстығын аңғартты. Өткен жылы өнеркәсіп көлемі 22,5 млрд теңгеге жетіп, инвестиция көлемі 90,6 млрд теңгені құрады. Жаңа өндірістер легі іске асырылып, жүздеген жұмыс орындары ашылды. Осы және қаланың даму көрсеткіштері туралы Шахтинск қаласының әкімі Мұрат Қыдырғалибеков БАҚ өкілдеріне егжей-тегжейлі баян етті.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Халық игілігі үшін

Шахтинск қаласының негізгі саласы – өнеркәсіп. Былтыр өндірістің жалпы көлемі 22,5 млрд теңгеге дейін ұлғайып, 16,3%-ға өскен. Шаһардың оң динамикасы шахталарда көмір өндірудің 33,6%-ға, электр энергиясын беру және бөлу өндірісінің 45%-ға өсуімен, сондай-ақ, өңдеу өнеркәсібі есебінен қамтамасыз етілді. Ағымдағы жылы «Тентек» шахтасында жаңа торлы оқпанды пайдалануға беру жоспарлануда. Жетелі жобаның іске асырылуы көмір өндіруді мейлінше ұлғайтуға септесек.

– Өткен жыл қорытындысы бойынша негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 90,6 млрд теңгені құрады. Былтыр тамыз айында «Енгізу» ЖШС өз қаражаты есебінен анкерлер (инженерияда – анкер – затты немесе құрылымды қатты бекіту үшін қолданылатын арнайы болт, штырь немесе трос) өндіруге арналған арматураны кесудің автоматтандырылған желісін сәтмен іске қосты. Жыл соңына дейін анкерлерге арналған жайа өндіру желісін іске қосу жөңелді. Ал, алдағы уақытта кәсіпорын өндірістің толық циклін жолға қоймақ, – деді спикер.

Қала аумағында 2 654 шағын және орта бизнес субъектісі өз қызметін жүзеге асы-



Суреттер ЖМ

рып отыр. Онда 5 343 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Бұл – экономикалық белсенді халықтың жалпы санының 21 пайызы. Кәсіпкерлердің мемлекеттік қолдаудың барлық құралдарын барынша тиімді пайдалануына қажетті жағдайлар жасалуда. Мемлекеттік бағдарламалар аясында жалпы сомасы 481,9 млн теңгені құрайтын 14 жобаға қолдау көрсетілді. Қалалық бюджет есебінен бизнесті дамыту мақсатында жас кәсіпкерлерге 22 млн теңге сомасында 15 грант берілді. Сонымен қатар, әлеуметтік санатқа жататын 10 кәсіпкерге жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жалпы көлемі 15,7 млн теңгені құрайтын мемлекеттік грант табысталды.

– Ауыл шаруашылығы саласында 5,9 млрд теңгенің өнімі өндірілді. Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің көлемі 13,1 пайызға, мал шаруашылығы 10,4 пайызға артты. Сонымен қатар, жылқы мен қой басының айтарлықтай өсуі тіркелді. Құрылыс саласында да оң динамика сақталуда. 2025 жылы орындалған құрылыс жұмыстары-

ның көлемі 17,9 млрд теңгені құрап, 15,6 пайызға өсті. Пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 7,6 мың шаршы метрді құрап, 87,3 пайызға артты. Өсім Шахтинск қаласында 60 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысының аяқталуы, Шахан кентінде 25 пәтерлі тұрғын үйдің қайта жаңғыртылуы, жеке инвестициялар есебінен салынған 110 пәтерлі тұрғын үйдің пайдалануға берілуі есебінен қамтамасыз етілді, – деп мәлімдеді шаһар басшысы.

Бұдан бөлек, қала мен кенттерде бос тұрған пәтерлерді жөндеу мен қалпына келтіру жұмыстары жыл сайын жүргізілуде. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде биылғы жылы 85 кезекте тұрғын азамат тұрғын үймен қамтамасыз етілмек.

Тұрмыс талабы – тиянақтылық

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың инженерлік желілердің тозуын азайту жөніндегі тапсырмасын орындау аясында 2024 жылы Шахтинск қаласының су құбы-

ры желілерін қайта жаңғыртудың екінші кезегі аяқталды. Жобаның жалпы ұзындығы 44 шақырымды құрады. Сонымен қатар, Шахан кентінің жеті шақырым су құбыры желісі ауыстырылды. 2026 жылға арналған жоспарға сәйкес, қаладағы су құбыры желілерін қайта жаңғыртудың үшінші кезегін аяқтау көзделіп отыр. Оның жалпы ұзындығы – 49,4 шақырым. Бүгінгі таңда жаңа желілердің 42 шақырымы тартылды.

– Аталған жобалар толық іске асырылғаннан кейін Шахтинск қаласындағы су құбыры желілерінің тозу деңгейі 28 пайызды құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 50 пайызға төмендейді. Өткен жылы Новодолинский кентінде ұзындығы 50 шақырымды құрайтын су құбыры желілерінің құрылысы басталып, оның жеті шақырымы тартылды. Биылғы жылы Шахтинск қаласында ұзындығы 10,5 шақырымды құрайтын көріз коллекторларын салу жобасын іске асыру басталады. Сонымен қатар, Шахтинск қаласының көріз тазарту құрылыстарын қайта жаңғырту жобасының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу аяқталу сатысында тұр, – деп қосты Мұрат Есетұлы.

Соңғы үш жылда магистральдық және ішкі орамдық жылу желілерінің 11 шақырымнан астамы ауыстырылған. Соңғы үш жылдағы жөндеу науқандарының нәтижесінде негізгі және қосалқы жабдықтардың тозу деңгейі 8,3 пайызға, жылу желілерінің тозуы 10,5 пайызға төмендеді. Биыл жалпы ұзындығы 6,1 шақырымды құрайтын қаланың жылу желілерін ауыстыру жоспарланып отыр.

Ағымдағы жылы шамамен төрт шақырым жолды орташа жөндеуден өткізу жоспарлануда. 2025 жылы облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын жөндеу бойынша ауқымды жұмыстар атқарылды. «Қарағанды-Саран-Шахтинск» бағытындағы жолдың 12 шақырымы, «Қарағанды-Есентегі» жолының 13 шақырымы, Шахан кентінен Жаңаталап кентіне дейінгі жолдың екі шақырымы жөңделді.

– 2022-2025 жылдар аралығында қаланың автобус паркі 15 жаңа автобуспен толықты. Қала көлік инфрақұрылымын цифрландыру бағытымен ілгерілеуде. Екі интеллектуалды бағдаршамның енгізілуі жол қозғалысын ұйымдастыруды жақсартып, қауіпсіздік деңгейін арттырды. Жолашыларға қолайлы жағдай жасау әрі төлемдерді автоматтандыру мақсатында өткен жылы 12 мамырдан бастап ONAY! электронды билеттеу жүйесі енгізілді, – деді спикер журналистер сауалына жауап қата.



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Жайлы қала, қауіпсіз орта

2026 жылға арналған жоспарға сәйкес, қала аумағын 100 пайыз жарықтандыру көзделіп, қосымша 800-ден астам жарық тірегі орнатылады. «Таза Қазақстан» акциясы аясында, тұрғындардың экологиялық мәдениетін арттыру мақсатында қоршаған ортаны қорғау және қалдықтарды дұрыс пайдалану мәселелері бойынша тұрақты түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Үй ауласын тазалау шараларына шамамен 198 үйдің тұрғындары белсенді қатысқан. Ағымдағы жылы тағы 11 мың текше метр қоқыс шығару жоспарлануда. Қазіргі таңда 30 алаң жабдықталып, 270 евроконтейнер орнатылды. Қала мен кенттер аумағында былтыр бірнеше түрлі ағаштардың шамамен төрт мың көшеті егілді.

– 2025 жылы 20 білім беру нысаны жөндеуден өткізілді. «Қазақстан халқына» қорының қаражаты есебінен қосымша білім беру нысандарына жалпы сомасы 173,8 млн теңгені құрайтын жабдықтар жеткізілді. Қала мектеп оқушыларының сарайы базасында «TARLAN» мектеп автодромы қалпына келтіріліп, өткен жылдың күзінде ашылды. 2026 жылға 12 білім беру нысанында жөндеу жұмыстары жоспарланды. 12 мектепке 66 интерактивті панель сатып алынатын болады, – деп мәлімдеді қала әкімі.

Денсаулық сақтау саласында да ауқымды жұмыстар жүргізілді. Шахтинск қаласындағы емхана мен аурухана ғимараттары күрделі жөндеу жұмыстары жалғасуда. Материалдық-техникалық базаны нығайту мақсатында өткен жылы 838 млн теңгеге медициналық жабдықтар жеткізілді, оның ішінде компьютерлік томография аппараты бар. Қалаға 62 маман тартылды, оның ішінде 22 дәрігер. Ағымдағы жылы шамамен 70 маман, оның ішінде 30 дәрігер жұмылдыру көзделді.

2025 жылы 31 бос орындар жәрменкесі ұйымдастырылды. 2025 жылы 1 757 азамат жұмысқа орналастырылды, оның ішінде тұрақты жұмыс орындарына – 1 227 адам. Жастарды әлеуметтендірудің жүйелі жұмысының қорытындысы бойынша осы санаттағы жастар саны 195 адамға азайып, 315 адамды құраған.

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Ветеринария – халық денсаулығының қалқаны

Ветеринария еліміздің биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі салалардың бірі болып табылады. Бұл – тек жануарлардың денсаулығы бағытындағы ғылым емес, сонымен бірге, адам мен жануарлар үшін қауіпті жұқпалы аурулардың таралуына тосқауыл, сондай-ақ, күнделікті әрбір тұрғынның дастарханына жететін қауіпсіз және сапалы мал шаруашылығы өнімдерінің негізі.

Қарағанды облысында ветеринарлық-санитарлық жағдай мәселелері тұрақты және жүйелі бақылауда. Ветеринария басқармасының негізгі мақсаты – халықты зоонозды аурулардан қорғау және өңірде эпизоотиялық жағдайды тұрақты ұстап, профилактикалық, диагностикалық және эпизоотиялық іс-шараларды кешенді түрде жүзеге асыру.

Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін 2025 жылы облыстық бюджеттен 2,711 млрд теңге бөлінді. Ветеринарлық-санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге барлық жоспарланған жұмыстар толық көлемде орындалды.

14 аса қауіпті мал ауруларына қарсы, оның ішінде, құтыру, ішек қабыну, оба, эмкар, түйе обасы, жоғары патогенді құс тұмауы, ринопневмония, сап, нодулярлы дерматит, вирустық диарея, инфекциялық ринотрахеит, туберкулез, ньюкасл ауруы, сондай-ақ, жыртықштарды дегельминтизациялау жұмыстары аясында 6,1 млн вакцинация жасалып, лабораторияға 1,6 млн биологиялық сынама жеткізіліп, зерттелді.

2025 жылы облыс аумағында бруцеллезге зерттелген 618,2 мың бас ІҚМ-дың 1 607 басы және 1,010,3 мың бас қой-ешкінің 46 басы ауруға оң нәтиже көрсетті. 2024 жылмен салыстырғанда бруцеллезге оң нәтиже көрсеткен мал бастарының саны 82 басқа азайып отыр.

Ауруларға оң нәтиже көрсеткен жануарлар қолданыстағы ережелердің талаптарына сәйкес санитарлық союға тапсырылды, мал иелеріне жалпы сомасы 29,4 млн теңгеге өтемақы төленді.

Есепті кезеңде облыста 7 қауіпті ошақ тіркелді, оның 5-і толық сауығып, 2-інде эпизоотияға қарсы іс-шаралар жалғасуда. Жалпы, 2024 жылмен салыстырғанда қауіпті ошақтар саны 41%-ға азайды, бұл дер кезінде қабылданған карантиндік және шектеу шараларының тиімділігін көрсетті.

Эпизоотиялық жағдайды сақтауда мал иелерінің жауапкершілігі маңызды рөл атқарады. Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңының талаптарына сәйкес, мал иелері ауыл шаруашылық жануарларын бірдейлендіруді, уақытты вакцинация мен диагностиканы жүргізуді, ауру мен өлім-жітім туралы хабарлауды, өнімді сойысқа дайындау мен сату кезінде ветеринарлық-санитарлық нормаларды сақтауды және мамандарға көмек көрсетуді міндетті түрде қамтамасыз етуі қажет. Бұл талаптарды орындамау әкімшілік жауапкершілікке әкеліп, эпизоотиялық тұрақтылыққа кері әсер ететіні сөзсіз.

2025 жылы ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруге 176,1 млн теңге бөлінді. Бірдейлендіру ақпараттық жүйесіне 674 921 бас төл енгізілді.

Биологиялық қалдықтарды жою мәселесіне ерекше назар аударылуда. Облыста 105 мал өлекшелерін көму орны бар, оның ішінде, 42 типтік және 63 қарапайым, сондай-ақ, 18 инсинератор, оның 4-і жылжымалы. Осы жылы бюджет есебінен 9 мал қорымы мен 2 көму орны жөнделіп, барлық



объектілер ветеринарлық-санитарлық талаптарға сәйкестендірілді.

Баскарма мемлекеттік қызметтерді де көрсетеді: жыл ішінде 58 374 қызмет көрсетілді, ветеринарлық анықтама мен паспорт беру, ауыл шаруашылығы жануарлары туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) және ветеринарлық қызмет бойынша лицензиялау.

Қаңғыбас иттердің санын реттеу үшін 2025 жылы 173,7 млн теңге қаралып, 3 282 иттің 2 933-і сәйкестендіріліп, вакцинацияланып, стерилизацияланып, бұрынғы мекендеріне қайтарылды. Қауіпті және агрессивті иттер ғана заң аясында жансыздандырылды.

Саланың тағы бір маңызды мәселесі – кадрлық қамтамасыз ету. Қазіргі таңда 47 ветеринарлық маманға қажеттілік бар, оның 24-і – жоғары білімді. 2023 жылдан бастап сала қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау шаралары енгізілген, соның ішінде, жалақыға үстемеақылар мен сауықтыру жәрдемақылар төленіп отыр.

Халыққа ветеринарлық қызметті қолжетімді ету мақсатында облыстың 5 елдімекенінде модульдік ветеринарлық пункттер іске қосылды. Сонымен қатар, материалдық-техникалық базаны нығайту аясында 70 қызметтік автокөлік сатып алынып, ауылдық округтердің ветеринарлық дәрігерлеріне табысталды.

Мемлекет басшысының жариялаған Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында ақпараттық жүйелер мен мобильдік қосымшалар белсенді енгізілуде, бұл эпизоотиялық жағдайды автоматты түрде есепке алу, бақылау және талдауға мүмкіндік береді. Ауыл шаруашылығы жануарларының иелері үшін жануарларды тіркеуге, ветеринариялық паспорт алуға, ветеринариялық жаңалықтар мен хабарламалар алуға мүмкіндік беретін «TortTulik» мобильді қосымшасы іске қосылды.

Қарағанды облысында эпизоотиялық жағдай тұрақты. Алайда, осы тұрақтылықты сақтау – мемлекеттік қызмет, ветеринарлық қызмет және әрбір мал иесінің бірлескен жауапкершілігі. Себебі ет, сүт және басқа мал шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі халық денсаулығына тікелей әсер етеді. Академик К.Скрябиннің: «Медицина адамды емдесе, ветеринария – адамзатты емдейді» деген сөзі бұл саланың жауапкершілігін дәл көрсетеді.

Аманжол ЖАКЕТАЕВ,
Қарағанды облысының
ветеринария басқармасының
басшысы

Құрылыс сапасы – қатаң бақылауда

Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы сәулет-құрылыс қызметі саласындағы бақылау-қадағалау органы және көрсетілетін қызметті беруші болып табылады.

Басқарманың қызметтері: құрылыс нысандарының сапасына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы мен қадағалауын жүзеге асырады, осы нысандарда сәулет-құрылыс тәртібін бұзушыларға әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану;

сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіпін салынып жатқан (салынуы жоспарланған) нысандар мен кешендердің мониторингін жүргізу;

сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында лицензиялауды жүзеге асыру;

сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы инженерингтік қызметтер субъектілерін аттестаттау;

сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу.

Баскарма 2025 жылы келесі жұмыстарды жүргізді.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуді бастау туралы 1646 хабарлама қабылданды, нысандарды пайдалануға қабылдаудың 1761 актісі салыстырып тексеруге түсті

789 мемлекеттік қызмет көрсетілді

(баскарма барлығы 5 мемлекеттік қызмет көрсетеді).

сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы лицензиялау бойынша (алу/ қайта ресімдеу) – 540;

сараптамалық жұмыстарды жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау бойынша – 239;

аккредиттеу және жобаларды басқару бойынша – 10.

Есепті кезеңде 93 бақылау-қадағалау іс-шарасы өткізілді. Бұзушылықтарды жоюға 55 ұйғарым берілді.

Барлығы 159 әкімшілік іс қозғалды және 58,8 млн. теңге сомасына айыппұл салынды.

Жобалау қызметін жүзеге асыратын 3 ұйым лицензиялардан айырылды, құрылыс қызметі саласындағы 10 лицензия тоқтатылды, техникалық қадағалау сарапшыларының 6 аттестаты тоқтатылды.

Баскармаға Қарағанды облысының аумағында жеке инвестициялар есебінен салынып жатқан көппәтерлі тұрғын үйлердің нысандары бойынша 60-тан астам хабарлама берілді.

Нысандардың негізгі бөлігі облыс орталығында орналасқан. Сондай-ақ құрылыс Балқаш, Теміртау және Саран



қалаларында жүргізілуде.

Тағы бір маңызды мәселе – үлескерлердің ақшасын заңсыз тарту. 2025 жылғы 30 маусымда Президент тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы жаңа заңға қол қойды, ол елеулі өзгерістер енгізеді: салынып жатқан үйлерден үй сатып алу кезінде алдын-ала келісімшарттар жасауға тыйым салады, банктер арқылы міндетті қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды енгізеді және ашықтықты арттыру және үлескерлердің құқықтарын алаяқтықтан қорғау үшін жарнаманы бақылауды күшейтеді.

«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» ҚР Заңын бұзғаны үшін, әлеуметтік желілердегі жарнама бойынша үлескерлердің ақшасын заңсыз тартқаны

Құқық қорғаудың жаңа тетігі

Қазіргі таңда мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртудың негізгі бағытының бірі – мемлекеттік қызметтерді цифрландыру. Бұл үдеріс азаматтарға көрсетілетін қызметтердің сапасын арттырып қана қоймай, мемлекет пен қоғам арасындағы байланысты жаңа деңгейге көтереді. Әділет жүйесіне енгізіліп жатқан инновациялық шешімдер де құқықтық жүйенің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етуде.

Цифрландыру – мемлекетті басқаруда да тиімді негізгі құрал. Жаһандану дәуірінде цифрлық сервистер азаматтардың тұрғылықты жері мен әлеуметтік жағдайына қарамастан құқықтық қызметтерді тиімді етеді.

Облыстық әділет департаменті басшысының орынбасары Данияр Байділдиннің мәлімдеуінше, «Е-нотариат» бірыңғай құжаттамалық ақпарат қызметтерін, құжаттарды онлайн ресімдеуге оңтайлы мүмкіндік беріп отыр. Бүгінде халық арасында бұл жүйе арқылы бейнеқоңырау шалу сұранысты иеленген. Сонымен қатар, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, заңсыз әрекеттерді болдырмау жолында QR – қол қою және Egov Mobile қосымшасында «Цифрлық



құжаттар» сервисі қолданылады.

– «Робот сот орындаушысы» жұмысына жеке тоқталғым келеді. 2026 жылы оның құзыреті кеңейтілді: әкімшілік айыппұлдардың цифрлық өндірісіне берілетін қарыз сомасының шегі ұлғайған. Барлық процестер – ресімдеуді орындаудан бастап, азаматтарға хабарлама жіберуге дейін – Egov Mobile арқылы SMS және push – хабарламалар арқылы онлайн жүргізіледі. Бұл азаматтардың қаржылық жүктемесін азайтып, қосымша шығындарға жол бермейді, – деді Данияр Назымбекұлы.

Сонымен қатар, алдағы уақытта құқықтық сауаттылықты арттыруға ерекше көңіл бөлінуде. Бұл мақсатты орындаудағы алғашқы қадам – «Құқық каби-

неті» жобасы. Жоба азаматтардың сенімін арттырып, әлеуметтік шиеленістерді азайтуға зор мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру және әділет саласындағы инновациялар – құқықтық мемлекетті қалыптастырудың негізгі тетігі. Бұл өзгерістер азаматтардың құқықтарын қорғауды, мемлекетке деген сенімді күшейтеді. Алдағы уақытта цифрлық технологиялардың одан әрі дамуы мемлекеттік басқару мен әділет жүйесінің тиімділігін жаңа деңгейге көтеретіні сөзсіз.

Мирас ЫБРАЙ,
Е.Бөкетов атындағы
ҚарҰЗУ IV курс студенті

• ҰБТ – 2026

Бап сыналатын сәт

Ұлттық бірыңғай тестілеу – мектеп түлектері үшін жоғары оқу орындарына түсу жолындағы маңызды кезеңнің бірі. Қаңтар айындағы ҰБТ талапкерлерге өз білімін сынап көруге және ақилы негізде оқуға түсу мүмкіндігін пайдалануға септеседі.

Қарағанды облысы білім басқармасының әдіскері Азия Джумабекованың мәлімдеуінше, 2026 жылғы қаңтар айындағы ҰБТ-ға өтініштер 22-30 желтоқсан аралығында қабылданды. Тіркеу app.testcenter.kz сайты мен UTO мобильді қосымшасы арқылы жүргізілді. Талапкерлер тестілеудің күнін, уақытын және өткізу орнын өздері таңдады.

Қаңтар айындағы ҰБТ ақилы түрде ұйымдастырылады. Қатысу құны – 5 640 теңге. Республикалық деңгейде тестілеу 10 қаңтар мен 10 ақпан аралығында өтсе, Қарағанды облысында 12 қаңтар мен 6 ақпан аралығында.

Биыл ҰБТ форматы өзгеріссіз қалды. Түлектер үш міндетті және екі бейіндік пәннен барлығы 120 тапсырма орындайды. Ең жоғары

балл – 140. Тестілеу уақыты – 4 сағат. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қосымша 40 минут беріледі.

Қарағанды облысында ҰБТ үш өңірлік тестілеу орталығында өтуде: Қарағанды қаласындағы Қазақстан көшесі, 15А және Академиялық көшесі, 9, сондай-ақ, Балқаш қаласындағы Ж.Өбүғалиев көшесі, 7.

Қаңтар айындағы ҰБТ-ға облыс бойынша 7 736 түлек тіркелген.

Н.Нұрмаков мектебінің 11 сынып оқушысы Сабина Марланқызы 136 балл жинады.

«Әрине, қуандым! Тіпті, қуанғаннан кейбір сұрақтарға ден қоя алмай қалдым. ҰБТ негізінен күрделі сұрақтармен ерекшеленеді. Адамды жаңылдыратын

варианттар болды. Сондықтан, кейбір жауаптарды белгілеуде сүріндім. Тек төрт сұраққа қателестім. Соңғы үш жыл бойы олимпиадаларға қатысып, таңдау пәндерім – қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жетістіктерге жеткен едім. Сонымен қатар, «140» білім беру орталығында тамыз айынан бастап дайындалдым, бұл үлкен көмек болды. 7-сыныптан мені дайындаған негізгі жетекшім – Н.Нұрмаков мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Гүлзира Әкімбекова», – дейді.

Ата-аналар да балаларын қолдап, сынақтың маңызын атайды. Олар қаңтардағы ҰБТ оқушының дайындық деңгейін бағалауға және алдағы жоспарларын нақтылауға мүмкіндік беретінін айтады.

Шұғыла ТӘНІРБЕРГЕНҚЫЗЫ,
Е.Бөкетов атындағы
ҚарҰЗУ IV курс студенті

Сурет Ұлттық тестілеу орталығынан

бақылауды күшейтеді.

ҚР Құрылыс кодексінде лицензиялау бөлігінде өзгерістер қарастырылған.

Заңды тұлғаның құрылтайшыларының құрамы өзгерген кезде енді лицензияны қайта ресімдеу талап етіледі.

Баскарма өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін тексереді.

Сарапшылар аттестаттарының (техникалық, авторлық қадағалау) орнына сарапшыларды сертификаттау ұғымы енгізіледі.

Құрылысқа кепілдік мерзімі бөлігінде өзгерістер қарастырылған.

Ғимараттардың тірек конструкцияларына, шатырына және сыртқы қабырғаларына (қасбеттеріне) кепілдік мерзімін қоспағанда, құрылысқа кепілдік мерзімі бес жылдан кем болмауы тиіс. Сонымен қатар, құрылыс нысаны пайдалануға қабылданған күннен бастап кемінде он жыл.

2026 жылы баскарма облыс аумағында нысандар құрылысының сапасын мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауды жүзеге асыру және құрылыс нысандарында сәулет-қала құрылысы тәртібін бұзушыларға әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады.

Айдын СМАҒҰЛОВ,
Қарағанды облысының
мемлекеттік сәулет-құрылыс
бақылау басқармасының басшысы

• ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

Ғалам тағдырының нүктесін кім қояды?

Қаузалдық (себеп-салдар) теориясы – бір нәрсенің басқа нәрсеге әсер етуінің негізгі түсінігі. Бұл теория бойынша, әрбір оқиға мен жағдайдың бір себебі бар және сол себеп белгілі бір нәтижені тудырады. Аристотель «Барлық нәрсенің себебі бар, себебі нәтижесі арасындағы байланыс – табиғаттың заңы» дейді. Ал, атаулы теорияның қазақшасы – «Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды». Қандай да бір өзгеріс, қозғалыс, жаратылыс және жойылу үдерісі белгілі бір әсерден басталатыны анық...

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Яғни, тұтас ғалам жаратылысының теориясы. Абай Құнанбайұлының да философиялық ойлары себеп-салдар теориясымен терең үндеседі. Ол дүниедегі әрбір құбылыстың, адамның мінезі мен тағдырының артында себеп бар екенін айтады. Абай «Себепсіз нәрсе болмайды, Не болсын, бәрі бір есеппен», – дейді.

Адамзат баласы XX ғасырдың бел ортасынан аса бере экологиялық дағдарыстарға ұшырай бастады. Нақты деректер былай дейді: 1950-1960 жылдары химиялық заттардың, пестицидтердің және басқа да зиянды заттардың кеңінен қолданылуы экологияға үлкен залал келтірді. 1962 жылы Рэйчел Карсонның «Silent Spring» атты кітабы жарық көрді. Кітапта пестицидтердің табиғатқа және адам денсаулығына қалай әсер ететіні туралы айтылады. Кітап экологиялық қозғалыстың басталуына себеп болып, экологиялық мәселелерге адамзаттың назарын аударды. 1970 жылдардың басында әлемдік экологиялық дағдарыс туралы көп айтылатын болды. Сол уақыттарда әлемде бірінші рет халықаралық экологиялық конференциялар ұйымдастырылып, экологиялық мәселелер жаһандық деңгейде талқылауға шықты. 1972 жылы Стокгольмда өткен бірінші БҰҰ-ның қоршаған ортаны қорғау конференциясы экологиялық мәселелерді халықаралық деңгейде көтерген маңызды кезең болды. Келелі жиын «Қоршаған ортаға зиян келтірмеу» концепциясын таратуға оң ықпал етті.

1980-1990 жылдар аралығында климаттық өзгерістер мен экологиялық дағдарыстың тереңдеуі басталды. Анығырақ айтқанда, азот қабатының жұқаруы, қоршаған ортаға антропогендік әсердің күшеюі байқалды. Мысалы, ауаға СО₂ мен басқа зиянды газдар тарады. 1992 жылы Рио-де-Жанейрода өткен БҰҰ-ның қоршаған орта және даму конференциясында экологиялық мәселелер адамзаттың барлық дамуы үшін маңызды екендігі айтылды. 2000 жылдардан кейін климаттың өзгеруі мен жаһандық жылыну, табиғат ресурстарының азаюы, биоалуантүрліліктің жоғалуы, су тапшылығы және табиғи апаттар сияқты мәселелер адамзаттың бас қатыратын негізгі қиындықтарына айналды. Жаһан жұртымен Қазақстан да үндес болды. Қазақстан ядролық сынақтардың экологиялық және гуманитарлық зардапын әлемге алғашқылардың бірі болып ашық көтерді. Арал теңізінің тартылуына да әлем назарын аудартады. Қазақстан Париж келісіміне қосылды да парниктік газдарды азайту міндеттемесін алды. Нәтижесінде жасыл энер-

гетика, көміртекті азайту, экологиялық экономика мәселелері күн тәртібіне қойылды.

Бүгінде адамзат алдындағы ең маңызды міндет – ортақ үйімізді сақтап қалу болып тұр. Ежелгі аңыз-әпсаналарға, жыр-дастандарға үйілсеңіз, Жер-Ана мен оны мекендеуші адам баласының арасында әуелде серт пен келісім болған. Уақыт өте келе, адамның қабілеті, ақыл-ойы қарыштап дамып, қызығушылығы мен қалауы шектен шықты. Шамамен алғанда, кейінгі екі ғасырда адам баласы Табиғат-Ананың шекарасынан әрі аттады. Бұл – серт пен келісімнің, ұлы тепе-теңдіктің бұзылуы еді.

Ендігіде жер бетінің әр түпкірінде тамыр жайған өркеніеттердің Табиғат-Ананың ырыс-несібесін игерткен ғылымға деген түсінігін талдап көрелік. Мәселен, арабтың «Мәлике-Маран» аңызында жерасты патшасында көп жыл мейман болған Жамсап жер бетіне шыққан соң қамауға алынады. Қамаудағы азапқа шыдамай, өзін асыраған жерасты патшасын сатып кетеді. Ақырында өлтірілген Мәлике-Маранның сорпасын ішіп, Жамсап жер беті мен астындағы кенді көре алатын білгір, құламаға айналды. Бұл аңызда ислам дінімен қабысқан араб философиясы ғылым мен білім өзінің жаратылысында қылмысты екенін білдіреді. Өйткені, адам табиғатты өлтіріп барып, оны жұмбағынан айырып, киесінен аттап, ғылым мен білімге қол жеткізеді. Бұл үкімді аңыздағы жерасты патшасы Мәлике-Маранның өлімімен жеткізеді.

«Мәлике-Маранмен» үндес қазақта «Жылан қабықты жігіт» аңызды да бар. Ертеде кедейдің жалғыз баласы жер астындағы жыландар патшасы Бапы ханның тасқа бастырылып қалған жалғыз қызын ажалдан құтқарып қалады. Өтеуіне Бапы хан екі жұтып, құсып тастайды. Бірінші құсқанында баланың үсті қалыпша қантемір болып шығады. Екіншісінде баланың өне бойы қару-жаракқа толады. Бала үшінші рет жұтуды сұрағанда, Бапы хан: «Үшінші рет жұтсам, тәнің мен жаның темірге айналады. Затың адам ғой, сол адам күйінде қал», – дейді. Бұл жерде ұлы тепе-теңдік пен әуелгі жаратылыстың сақталуы айтылып тұр. Бапы – қазақтың көне аңыздарында ұсталар табынып келген теміршілік өнердің пірі. Қазақ аңызында өнер, ғылым адамға табиғатпен тіл табысқанда ғана бұйырады. Түркі дүниесінің аңыздарынан түркі өркениеті экологиялық өркениет, адам мен Табиғат-Ана арасындағы ұлы тепе-теңдікке құрылған өркениет екенін ұғасыз.



Қолжазды жасаған Арыстан Қоңғасов

Қарбаласқан сан алуан ойлар ағынына байыппен қарап, пайым жасасаңыз, бізді қоршаған орта, яғни, сыртқы табиғат қана емес, адамның ішкі табиғаты да катаклизмнің аз-ақ алдында тұр. Демек – қаузалдық теориясының айқын көрінісі. Әуелден егіз жаратылған екі табиғат бір-бірін күрдымға сүйреп бара жатыр. Анығырақ айтсақ, сүйреуші – адамның өзі. Осы тұста адам табиғатының да сыртқы табиғат секілді ұдайы өзгеріске ұшырайтынын ескеріңіз. Себеп-салдар теориясының іргетасы әуелде осыған негізделген десе де болады.

Тақырыпты ашу үшін сәл кідіріс жасайық. Адамзаттың алғашқы кезеңінде адамдар табиғатпен тікелей байланысты өмір сүрді. Олардың өмірі табиғи ортаға толық бейімделген, олар аң аулау, өсімдіктерді жинау арқылы күнелтті. Адамның табиғатпен өзара қатынасы біртұтас еді, яғни, ол табиғаттың бір бөлігі ретінде қарастырылды. Табиғи ресурстарды пайдалану өте шектеулі болды, адамдар тек өз қажеттіліктеріне байланысты ғана табиғатқа әсер етті. Аңшы-жинаушы қоғамдар көзқарасы бойынша, табиғат киелі және теңдестірілген жүйе еді. Қазақтың байырғы ауыз әдебиетіндегі аңның, Табиғат-Ананың киесі туралы аңыздар сөзімізге дәлел. Төнді аштықтан, суықтан сақтау үшін ғана. Жөн-жосықсыз қырғын салуға тыйым салынған. Осылайша, аңыздар сыртқы табиғат пен

құшағындағы пенде арасындағы тепе-теңдіктің маңыздылығын айтады. Тепе-теңдік жоғалған жағдайда, екі тарап та күйреу жолына, яғни, кері процеске түседі. Жер шары күннен қашықтап кетсе, мұз құшағына, жақындап кетсе, ол құшағына енетіні секілді. Дәлме-дәл құрылған, «ақыр заманға» дейін бұлжымайтын тепе-теңдік.

Адам табиғатының өзгергенін, күйреу жолына түскенін жүздеген детальмен баяндауға болады. Мәселен, әлем елдерінде ұйқысыздық (инсомния) дертіне ұшырағандардың саны жыл санап артып келе жатыр. Адам баласының жүйке жүйесін, психологиялық қабатын зерттейтін, емдейтін сала мамандары осылай деп дабыл қағуда. Дереккөздердегі кәсіби мамандардың мәліметінше, дермене дертке түрлі жағымсыз жайттар әсер етеді. Өмір салтының өзгеруі, стрестің артуы, технологиялардың әсері және басқа да психологиялық, әлеуметтік, физиологиялық себептер бар.

Жаңа ғасырдың адамдары көбіне жұмысынан, қаржылық мәселелерден, жеке өмірдің қиыншылықтарынан немесе әлемдік саяси жағдайларға алаңдағанынан күйгелектік пен мазасыздыққа шалдығып, ұйқысыздыққа ұшыратынын айтуға болады. Телефон, планшет, компьютер немесе теледидар. Задында құрылғылар-

дың көк жарығы ұйқы гормоны мелатониннің өндірілуін тежейтінін жаңа ғасырдың көзі ашық өкілі жақсы біледі.

Суицид, наркомания және алкоголизм сияқты психикалық және мінез-құлықтық ауруға шалдыққандардың да қатары күрт көбейді. Адамзат баласына жабысқан дерттер XX ғасырдың ортасынан бастау алады. Экологиялық дағдарыс та осы кезеңде басталғанын еске түсіріңіз. Шындығында аурулардың таралуы адамзат қоғамының әлеуметтік, экономикалық және мәдени өзгерістеріне тікелей байланысты. Әлемдік денсаулық сақтау ұйымының дерегінше, әлем бойынша 2 миллиардтан астам адам алкогольге, 36 миллионнан астам адам есірткіге тәуелді. Ішімдік салдарынан жыл сайын 3 миллионнан адам көз жұмады. Есірткілердің арасындағы ең қауіптілері героин мен кокаин еді. Қазір адамның генетикасына, рухани әлеміне синтетикалық есірткілер ірің болып араласып барады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өнеркәсіптік революцияның әсерінен еңбек миграциясы, урбанизация, жұмысшылардың жағдайы нашарлауы сияқты әлеуметтік мәселелер көбейді. Жағдайлар салдарынан адамдар көңіл күйін басу және стресті жеңілдету мақсатында ішімдік немесе есірткіге тәуелді бола бастады. XX ғасырдың ортасында, әсіресе, 1960-1970 жыл-

дары АҚШ пен басқа да дамыған елдерде психоактивті заттардың (марихуана, героин, кокаин) кең таралуы байқалды. Атаулы кезеңде контрмәдениет және «еркін өмір сүру» пәлсапасы күшейіп, наркотикалық заттарды қолдану сәнге айналды. Алкоголь мен есірткіні қолданудың артуы қоғамдық тұрмыстың және психологиялық түйткілдердің өсуімен тығыз байланысты. XX ғасырдың ортасына қарай алкоголизм мен нашакорлықтың әлемдік деңгейде таралуы елеулі мәселе болды.

Адам баласы қолымен жасайтын ауыр қылмыстардың бірі – өз-өзіне қол жұмсау. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (WHO) ресми дерегіне сүйенсек, әлемде әр 1 минут сайын бір адам өзіне қол жұмсайды. Жыл сайын шамамен 720-727 мың адам осы «дерттен» көз жұмады. Суицид әлемдегі барлық өлімдердің жобалап алғанда 1%-ын құрайды.

Адам жанын жеке бір әлем деп қарастырсақ, суицидті сол әлемнің ақырзаманы деп бағалай аламыз. Мұхтар Мағауинше айтсақ, «Ішкі МЕН-нің күйреуі».

Діни тұрғыдан қарағанда, біз өмір сүріп жатқан ғаламда Құдайдан басқаның барлығы уақытша. Яғни, тұтас ғаламның негізгі нүктесі болып тұрған жарық күн де, күнді айналған жер де, ай да мәңгілік емес. Қасиетті кітаптарда ақыр заманның болатыны айтылып қойған. Ғалам тағдырының нүктесі белгілі. Бірақ, сол ақырзаманға апаратын жол кімнен немесе қайдан басталды? Міне, мәселе осында.

Исламда ақырзаман кіші және үлкен белгілермен сипатталады. Хадистердегі кіші белгілері – аманаттың жоғалуы, өтіріктің көбеюі, зина мен арсыздықтың ашық жасалуы, паракорлықтың қалыпты құбылысқа айналуы, баланың ата-анасына қарсы келуі, надан адамдардың ел басқаруы, білімнің азайуы, надандықтың көбеюі. Қазақ халқының жыраулары мен билерінің, ақындарының шығармаларындағы ақырзаман бейнелері де осы белгілермен үндес. Ақырзаман тақырыбын қозғаған бабалар сөзінде экологиялық апаттар да дәл суреттелген. «Ақырзаман болар күндерде жер үсті тарылып, суы да тартылар...» (Төле би).

Екеуіне де адамның рухани азуы – басты себеп. Ақырзаманға апаратын жол адамның өзінен басталып тұр. Өйткені, адам – барлық мақұлық атаулыдан ақылмен, санасымен биік. Адам – жер шарының қожасы.

Үлкен белгілеріндегі жердің бірнеше жерден опырылуы, аспанды түтін басуы – ғылыми көзқарастағы «катаклизмді» түспалдайды. Ал, ғылымда ақырзаман кометаның құлауымен, жанартаулардың оянуымен, тіршілік нәрінің сарқылуымен, атмосфераның шамадан тыс ластануымен және басқа да сценарийлермен түсіндіріледі.

Нұх пайғамбардың кезінде жаратушы жер бетіне не үшін, немесе кім үшін топан су жібергенін еске түсіріңіз...

• АУА РАЙЫ

Ақпан «жылы қабақ» танытады

Биыл ауа райы құбылып тұр. Қар да былтырғыдан кеш түсті. Ақпан айында қалай болмақ? Үңіліп көрелік.

Мамандардың айтуынша, соңғы жылдары Қазақстанда қыс мезгілі жылы әрі тұрақсыз сипат алып келеді. Қардың кеш түсуі, аяз бен жылымықтың жиі алмасуы климаттың жылынуы мен атмосфералық процестердің құбылмалылығын көрсетеді.

Биылғы қыс былтырғы қысқа қарағанда, жалпы алғанда, жылырақ әрі тұрақсыз сипатта өтуде. Қазгидрометтің көпжылдық бақылаулары соңғы жылдары қыстың орташа температурасы жоғары болып, қар жамылғысының кеш түсуі мен қысқа мерзімге ғана сақталуы жиілегенін көрсетеді. 2023-2024



жылғы қыста еліміздің көптеген өңірінде қар климаттық нормадан 10-20 күнге кеш қалыптасып, кей

аймақтарда тұрақты қар жамылғысы мүлде болмады. Ал, биылғы қыс та осы үрдісті қайталап, ма-

усым басында ауа температурасы нормадан жоғары болып, аяз бен жылымықтың жиі алмасуымен ерекшеленеді. Мамандар мұны Қазақстандағы климаттың жылынуы және атмосфералық процестердің құбылмалылығының артуымен байланыстырады.

Былытырғы көктем ертелігі белгілі. Ал, биыл да көктемнің келуі ерте әрі біршама тұрақсыз сипатта байқалауда. Қыс мезгіліндегі ауа температурасының жиі жылынуы, аяз бен жылымықтың алмасуы көктем белгілерінің қалыпты мерзімнен бұрын көрінуіне әсер ететін түрі бар. Кей өңірлерде қардың ерте еруі мен күннің жылынуы көктемнің мерзімінен ертерек басталғанын аңғартады. Мамандар мұны соңғы жылдары байкалып отырған климаттың жылыну

үрдісімен байланыстырады.

Қарағанды және Ұлытау облыстары бойынша метеорологиялық болжау бөлімінің басышы Айжан Қосыбаевадан еліміз бойынша 2026 жылдың ақпан-наурыз айларына ауа райы болжамын сұрадық.

Оның айтуынша, Қазгидрометтің алдын ала болжамына сәйкес, қыс мезгілі республиканың басым бөлігінде қоңыржай жылы өтеді деп күтіледі. Ал, жауын-шашын мөлшері климаттық нормадан аспайды. Дегенмен, кей кезеңдерде бұрқасын, екпінді жел, көктайғақ, тұман және мол жауын-шашын болуы ықтимал. Ауа температурасының ауытқуы жиі байқалып, жылы күндер мен суық аязды толқындар кезектесіп келеді.

– Ақпан-наурыз айларында ауа райы жылы болады деп болжанып,

жауын-шашын мөлшері қалыпты деңгейде сақталады, тек наурызда оңтүстік және оңтүстік-шығыстың таулы аймақтарында нормадан көп болуы мүмкін. Болжамға сәйкес, қар жамылғысы мен топырақта мұз қабыршығының пайда болуы, сондай-ақ қардың еріп, су тасқаны қаупін арттыруы ықтимал, – дейді Айжан Жұмағазықызы.

Яғни, алдағы уақытта қатты аяз болмайды. Көктемнің ерте келуі күтілуде. Дегенмен, «Сақтықта қорлық жоқ» демекші, ауа райын қадағалап жүруді ұмытпаған жөн.

Жанерке ЖАҚЫПОВА,
Е.Бөкетов атындағы
ҚарҰЗУ
IV курс студенті

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• МӘСЕЛЕ

Балқашты сақтай аламыз ба?

Бүгінде Балқаш көліне қатысты ел алаңы әлі сейілген жоқ. Турасын айтқанда, көлдің жыл сайын жағалаудан шегініп, су көлемінің азаюы халықты уайымдатып отыр. Кезінде «Қашқантеңіз» деген атауға таңырқай қарасак, бүгін сол Көкше теңіздің өзі расымен, «қашып» бара жатқандай. Көлемі жағынан әлемде 14-орында тұрған, тұщы және тұзды бөліктен тұратын бірегей Балқаш көлі «Аралдың тағдырын қайталамай ма?» деген заңды сұрақ туындайды.



Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шығыстан батысқа 600 шақырымға созылған Балқаш – шөлейт аймақта орналасқан тұйық көл. Оның тіршілігі, ең алдымен, Іле өзеніне тәуелді. Көлге құятын судың шамамен 70-80 пайызы осы өзен арқылы келеді. Ал, Іле өзенінің бастауы Қытай Халық Республикасының аумағында жатқандықтан, мәселе экологиямен қатар халықаралық деңгейдегі күрделі түйткілге айналып отыр. Ашық дереккөздерде Қытай тарапы Іле бойында 40-тан астам су қоймасын салып, суармалы егіншілік көлемін жүздеген мың гектарға ұлғайтқаны айтылады. Соның салдарынан Балқашқа келетін су көлемі азайған.

Оған қоса, соңғы жылдардағы қуаңшылық та жағдайды ушықтыра түсті. Табиғат жанашырлары дабыл қағып, мәселені



халықаралық деңгейде көтеріп жүргенімен, жауапты органдардың әрекеті қоғамды толық қанағаттандырып отырған жоқ. Балқаш қаласы тұсында көл

жағалаудан ондаған қадамға шегініп кеткен. Су тартылса, балық қоры азайып, өңірдің экожүйесіне орны толмас зиян келмек. Егер бұл жалғаса берсе, көлде

кеме қатынасы түгілі, көлдің өзі де тарихи естелікке айналуы ғажап емес.

Ашық дереккөзде жарияланған мамандар пікірінше, көлдің тұрақты сақталуы үшін жыл сайын кемінде 12 текше шақырым су келуі қажет. Соңғы 25 жылда қабылданған шешімдер, соның ішінде, Қапшағай су қоймасының толу көлемін шектеу Балқашты белгілі бір деңгейде сақтап қалуға мүмкіндік берді. Алайда, бұл уақытша шешім ғана. Себебі, трансекаралық өзендерге қатысты түйткіл түбегейлі тарқамалы.

Бұл мәселенің маңызын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та бірнеше рет атап өтті. Ұлттық Құрылтайдың V отырысында сөйлеген сөзінде Президент су ресурстары тағдыры тікелей дипломатияға байланысты екенін баса айтты.

– Аралды құтқару – барша адамзат үшін әлі де өте өзекті міндет. Бірақ, бұл – тек біздің қолымызда тұрған мәселе емес. Қазақстандағы ірі өзендердің көбі бастауын көрші мемлекеттерден алады. Демек, көп түйткілдің шешімі су саласындағы шебер дипломатияға байланысты. Арал ғана емес, Каспийдің, Балқаштың, Ертістің тағдырын шешу үшін көршілермен мәмілеге келіп, келісімдерге қол қоюымыз қажет, – деді Президент.

Бұл Балқаш мәселесінің де стратегиялық маңызын айқын көрсетеді. Яғни, сақтау – елдің экологиялық қауіпсіздігіне қатысты мәселе. Сондықтан, Іле өзенінің суын әділ бөлу, ластануға жол бермеу, ғылыми негізделген ұзақмерзімді келісімдерге қол жеткізу – уақыт күттірмейтін міндет.

БАЛҚАШ

Суреттер автордан

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Таңсәуленің таңғажайып әлемі

Бейсенбі күні Н.Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында ақын Таңсәуле Әгенқызымен «Кітап пен қалам: ақынмен сырласу» атты кездесу кеші өтті.

«Тұмар» этнолубы ұйымдастырған бұл тағылымды кеште оқырман мен ақын арасындағы шынайы сырласу, өлең мен ойдың әсем үйлесімі айқын көрініс тапты. Кештің қадірлі қонағы – ақын, «Тұмар» этнолубының белсенді мүшесі, «Ақ қауырсын» әдеби клубының жетекшісі Таңсәуле Әгенқызы поэзиядағы ізденістерімен, шығармашылық жолындағы жетістіктерімен бөлісіп, жүректен туған сырлы жырларын оқырман назарына ұсынды.

Таңсәуле Әгенқызының «Бозмұнар» атты бұл тұңғыш жинағы – қазіргі қазақ поэзиясына қосылған жаңа леп, жас буынның сыршыл үні. Ақын жырларында жеке сезім мен жалпыұлттық ұғымдар аста-сып жатыр. Туған жердің табиғаты, ауылға деген аңсар, анаға деген сағыныш пен ғашықтық сезімнің сан алуан күйі нәзік суреттеледі. Автордың өзіндік қолтаңбасы әрбір шумақтан аңғарылып тұрады. Бұл жинақ отаншылдық рух пен нәзік лиризмді қатар бағалайтын оқырман қауымға арналған. Жинақ Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен жарық көрді.

Әдеби кеш барысында ақынның шығармашылық жолы кеңінен сөз болып, поэзия әлеміне жетелеген әсерлі өлеңдер оқылды. Сонымен қатар, «Оқылған кітап – өрелі ой» атты кітап көрмесіне шолу жасалып, оқырмандар тарапынан мазмұнды сұрақтар қойылып, қызықты пікір алмасу өрбіді. «Ақ қауырсын» әдеби клубының алқа мүшелері Нұрлан Айтмұқашов, «Шыр еткен дүние» кітабының авторы, ақын Марат Үмбетәлиұлы әдеби кештің құрметті қонағы болып ақын қарындасының қадамына сәттілік тіледі.

Кездесу барысында «Бозмұнар» жыр жинағы жас ұрпақты

кітап оқуға, поэзия арқылы өзін тануға жетелейтін, «Кітап оқитын ұлт» идеясымен үндес құнды еңбек екені ерекше аталып өтті. Ақын өлең жинағын студенттерге өз қолтаңбасымен тарту етті.

Сондай-ақ, әдеби кеш аясында «Тұмар» этнолубының кезекті отырысы өтіп, алдағы кезеңге арналған жылдық жоспар талқыланды. Жаңа бастамалар мен рухани жобалар жөнінде ой бөлісіліп, келешекке бағыт-бағдар айқындалды.

«Тұмар» этнолубы оқырмандарға этноclub қызметінің негізгі бағыттарын, қазақ мәдениеті мен өнерін, әдебиетін дәріптеу, халық дәстүрлерін сақтау және насихаттау, жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, халық өнегесін үйрету. Өнер әдебиеттері арқылы шығармашылықтарын дамыту, құнды тәжірибе беруде ұрпақтар сабақтастығын сақтау, мәдени ынтымақтастықты нығайту болып табылады. Клуб былтыр наурыз айында ашылған. Жетекшісі – Мақпал Түсіпбай.

Әдеби кеш рухани байлыққа толы, жүрекке жылы әсер қалдырған ерекше сәт болды. Ақынның шығармалары арқылы адам жанының нәзік қырлары, өмірдің мәні мен сұлулығы айқын айшықталды.

Көркем сөздің құдіреті, әуезді өлең жолдары мен мазмұнды ойлар кешке қатысқан әрбір жанды бір сәтке болса да күнделікті күйбең тіршіліктен алыстатып, рухани әлемге жетеледі. Бұл кеш маған әдебиеттің тек өнер ғана емес, адамды тәрбиелейтін, ойландыратын, жүректі тазартатын ұлы күш екенін ұқтырды.

Диана ТІЛЕМІС,
Е.Бөкетов атындағы
ҚарҰЗУ
IV курс студенті

Уважаемые потребители!

2 марта 2026 г в 10:00 часов, ТОО «Су беру» будет проводить публичное слушание на изменение тарифа с применением метода индексации по услуге подачи воды по распределительным сетям п.Коктенколь, Успен, Бурма, Ортау, Айса, Н.Кайракты, Акшатау, Жарылғап батыр, Акжартаc в здании ДК им. «Шабал Бейсеккызы» п.Акадыр по улице Туякова 10, и по услуге по подачи воды по распределительным сетям п.Акжал, отвод сточных вод п.Акжал в здании ДК «Шугыла» по адресу п.Акжал, ул. Абая 3, 2 марта 2026 г в 11:00 ч.

№13

Уважаемые потребители!

2 марта 2026 г в 10:30 часов, ТОО «Жылу беру» будет проводить публичное слушание на изменение тарифа с применением метода индексации по услуге по производству, передаче, распределения, снабжения тепловой энергии п.Агадырь и с.Аксу-Аюлы, в здании ДК им. «Шабал Бейсеккызы» п.Акадыр по улице Туякова 10, и по услуге по передаче, распределения и снабжения тепловой энергии п.Акжал в здании ДК «Шугыла» по адресу п.Акжал, ул. Абая 3, 2 марта 2026 г в 11:30 ч.

№14

К сведению потребителей!

ТОО «Электржасалмау-АА» уведомляет Вас о том, что 2 марта 2026 года в 11:00 часов по адресу п.Акадыр, ул.Мухамеджанова д.4, состоится публичное слушание по изменению тарифа на услуги передачи электрической энергии с применением метода индексации в соответствии с главой 14 Правил формирования тарифов №90 от 19.11.2019 года.

№15


• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Сән емес, сапалы білімнің құралы

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайдың V отырысында жасанды интеллект пен цифрландыруға ерекше мән беруге шақырды. «Цифрландыру және жасанды интеллект жылын сән қуып, ұрандату үшін жариялаған жоқпыз. Бұл шешім бүкіл мемлекеттің аппаратқа нақты міндет жүктеп отыр» деп, бұл – стратегиялық міндет екенін де айтты. Мемлекет басшысының бұл пікірі білім беру жүйесіне де тікелей қатысты. Себебі, жасанды интеллекттің игеру тек технологиялық жаңару емес, ол ең алдымен адам капиталының сапасын арттыруға, яғни, функционалды сауаттылығы қалыптасқан тұлға тәрбиелеуге бағытталуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, бүгінгі мектептің басты міндеті – оқушыны дайын ақпаратты тұтынушы емес, алған білімін өмірлік жағдаяттарда қолдана алатын, ойлайтын және шешім қабылдай білетін азамат ретінде қалыптастыру.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушының табысы тек жаттанды білім көлемімен өлшенбейді. Бұрынғыдай қағаз жүзіндегі ақпаратты жаттап қана қоймай, алынған білімді өмірлік жағдаяттарда тиімді пайдалана алу қабілеті – функционалды сауаттылық бүгінгі күннің басты талабы.

Функционалды сауаттылық – адамның алған білімін күнделікті өмірде, әлеуметтік, кәсіби және мәдени ортада тиімді қолдана білу қабілеті. Ол оқу, жазу, математикалық,



Коллажды жасаған Аралым Коктаев

ақпараттық және цифрлық сауаттылық компоненттерін қамтиды. Білім беру жүйесі оқушыны ақпаратты талдай алатын, өз ойын дәлелді жеткізе алатын тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Цифрландыру дәуірінде жасанды интеллект білім беру процесіне жаңа серпін беріп отыр. ЖИ оқушының жеке оқу траекториясын ескере отырып, оқытуға мүмкіндік бер-

се, қателерді талдау арқылы қай тақырыпта қиналып жатқанын анықтап, жеке ұсыныстар береді. Бұл әдіс оқу материалын тұлғалық деңгейде меңгертуге жол ашады.

Жаратылыстану пәндерінде жасанды интеллектінің мүмкіндігі ерекше. Виртуалды зертханалар арқылы оқушылар қауіпсіз әрі көрнекі тәжірибелер жасап, күрделі биологиялық немесе физикалық процестерді визу-

ализациялай алады. Бұл тәсіл ғылыми сауаттылықты дамытуға тың серпін береді.

ЖИ технологиялары оқушылардың сыни ойлау, зерттеу және талдау дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Мысалы, фактчекинг тапсырмалары оқушыларға жаңалықтарды дереккөздермен салыстыруға көмектеседі, ал, «егер ... болса?» деген сценарийлерді талқылау ғылыми болжам

жасау қабілетін дамытады. Үлкен көлемдегі деректерді талдау, кесте мен графиктер құру – бұл да оқу процесінің маңызды бөлігі.

Ғылыми коммуникация саласында жасанды интеллект күрделі терминдерді түсіндіруге және ғылыми эссе жазуда құрылым мен стиль бойынша кері байланыс бере алады. Сонымен қатар, STEM жобаларын ЖИ көмегімен жүзеге асыру – биология, физика, химия және информатика пәндерін ұштастырып, нақты өмірлік мәселелерді шешуге бағыттайды.

Мәселен, химиядан виртуалды зертханаларды қолдану оқушыларға химиялық реакцияларды, молекула құрылысы мен ерітінді концентрациясын 3D форматта көруге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл оқушының зерттеушілік және аналитикалық дағдыларын дамытуға зор үлес қосады.

Жасанды интеллект – функционалды сауаттылықты қалыптастырудың қуатты құралы. Ол оқушының білімін өмірмен байланыстырып, дерекпен саналы жұмыс істеуге және ой-талдау қабілетін жетілдіруге көмектеседі. Алайда, ЖИ оқу үдерісінің мақсаты емес, тек эффективті құралы болуы тиіс.

Сондықтан, жасанды интеллектті қолдану педагогтің кәсіби шеберлігімен, әдістемелік сауаттылығымен және оқу мақсаттарына сәйкес үйлескен жағдайда ғана нақты нәтижеге әкеледі. Бұл – бүгінгі заманның талабы әрі функционалды сауаттылықты қалыптастырудың нәтижелі тетігі.

Гүлбахар РАХМАНОВА,
педагогикалық шеберлік орталығы
Қарағанды қаласы
филиалының аға менеджері,
тренер

